- Мына тақырып ұнайды деп қатып қалған қағида жоқ. Қабілетімнің жеткенінше барлығын қамтығым келеді. Өзім лирикаға жақын болғаннан кейін репертуарымда көбіне халық әндері мен махаббат тақырыбындағы әндер.

- Өнер жолында қандай жетістіктерді бағындырдың?

- Облыстық «Дала дарындары» байқауында ІІІ орынды жеңіп алдым (2008ж.). Халықаралық студенттер күніне арналып өткізілген облыстық «Шырқа, гитара!» атты бард әншілердің байқауында І орынды иелендім (2009ж.). Шәмші Қалдаяқовтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Менің Қазақстаным!» атты облыстық байқауда ІІІ орынды қанжығама байладым. VІІ ұлттық жастар Дельфилік ойындарында вокал жанры бойынша ІІ орынды иелендім. Одан бөлек қыздардан құралған «Diamond» вокалды-аспапты ансамбль құрамында өнер көрсетіп, біраз жетістіктерді бағындырдық. Қала күніне арналған «Оралым - асыл қалам!» атты конкурста дипломант

атанып, 2011 жылы өткен облыстық «Дала дарындары» байқауында лауреат дәрежесіне қол жеткіздік.

- Осы оқу ордамызда білім алған 4 жыл ішінде өнерден не ала алдың?

- Университетте тәлім алған төрт жылым бекерге өтпеді, толыққанды тұлға болып қалыптастым, әнші ретінде өзімді жетілдірдім, мамандығым тарапынан кәсібилігімді арттырдым. Әнші ретінде тыңдарманымды таптым. Менің осындай дәрежеге жетуіме, жан-жақты шыңдалып, биік белестерді бағындыруыма алдымен Алла Тағаланың, одан кейін ұстаздарымның көмегі орасан зор. Атап айтар болсам, өнерге алғаш баулыған ұстазым Таисия Маулетова, өнерге деген ықыласымды байқап, бағыт-бағдар беріп, үнемі апалық қамқорлығын аямайтын Раушан Қуанышалиева, қазіргі таңда дәріс беріп жүрген тамаша дарын иесі Наталья Санбаева есімді ұстаздарымның арқасында ән өнерінің қыр-сырын меңгерудемін.

- ВАА «Diamond» құрамында біраз жетістіктерге жеткенің де белгілі. Топта жұмыс жасаудың ерекшелігі неде?

— Бір жағынан қызықты, бір жағынан өзіндік қиындығы бар. Топтағы қыздар сырымды бөлісіп айта алатын өмірдегі достарым, мінезіміздің қандай екенін де білеміз. Ән таңдағанда да ойымыз бір жерден шығады. Өзің ән айтқандағы басты артықшылығы әнді сезіне білу, көрерменге жеткізе білу тек өзіңе байланысты. Ал топта әнді барлығы жете сезіне білу қажет. Сол кезде ғана көрерменнің жүрегінен ән өз орнын табады деп ойлаймын.

- Қазіргі қазақ әншілерінен кімді тыңдайсыз?

- Әр әншінің өзіндік ерекшелігі бар. Ешкімді бөліп-жармаймын. Ән менің табиғатыма, жаныма жақын болса тыңдай беремін. Нұржамал Үсенбаева, Гаухар Қаспақова, Тамара Асар, Маржан Арапбаеваның дауыстарын жоғары бағалаймын.

- Сен үш тілде ән саласың. Қай тілде ән шырқау жаныңа жақын?

- Репертуарымның 80 пайызы қазақша. Көбіне Шәмшінің әндері мен қазақ халық әндері. Сондай-ақ, репертуарымда орыс, француз тілдеріндегі әндер де бар. Қазіргі таңда француз тілдеріндегі әндерді орындауға қызығушылығым артып жүр. Өйткені, француз тілі қазақ тіліне ұқсас, әуезді әрі әдемі тілдердің бірі. Әрине, қазақ тілінде ән айтқанда бойымда бір ерекше сезім пайда болады.

- Шығармашылық мақсаттарың жайлы айтып берсең?

- Биік шыңдарды бағындыру. Қазақ ән өнерінің дамуына аз да болса өз үлесімді қосу.

- Өнердегі, өмірдегі ұстанымың қандай?

- Менің ойымша, әр адам белгілі бір мақсатқа жету өзінің көңіліне медеу тұтатын қанатты сөздері болғаны абзал. «Тауды биік деме, өрмелесең шығарсың, жауды қасым деме, арпалыссаң жығарсың» - менің өмірдегі, өнердегі басты ұстанымым осындай. Осы сөздерді қиналғанда еске түсіріп, жадыма тоқимын. Ерекше дем беретін де осы сөздер.

Елдана АСЫЛХАНОВА

Қазіргі кезде М.Өтемісов атындағы БҚМУ Батыс Еуропа мен ТМД-ның елу жетекші ЖОО-ларымен байланыс жасайды. Осы ретте оқу орны 2011-2012 оқу жылында Қалмақ мемлекеттік университетімен біріге отырып, екі жоғары оқу орындары студенттерінің білім дәрежелерін көтеріп, тәжірибе алмасу мақсатында арнайы бағдарламаға қол қойған болатын. Студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасын кеңейту мақсатында оқу жылы басында физика, химия, информатика пәндері бойынша БҚМУ-да Қалмақ мемлекеттік университетінің студенттері білім алса, біздің химия және информатика мамандығының студенттері осы Қалмақ мемлекеттік университетінен білім алып келген болатын.


БІЛІМ ШЫҢДАУДЫҢ ЗОР МҮМКІНДІГІ

Академиялық ұтқырлық жеке тұлғаның дамуы үшін маңызға ие, ол жан-жақты болуға, сыйластыққа тәрбиелейді, өзге елдің мәдениетін игеруге және жоғары оқу орнының бәсекелестік қабілетін көтеруге мүмкіндік береді. Студенттер мен оқытушы ғалымдардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алуына, ғылыми-зерттеу істерін жүргізуіне байланысты құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады. Білім ордасында оқу үлгерімдері жақсы химия мамандығының 2 курс студенттері Аягүл Ашығалиева, Айбар Мұрзабеков, информатика мамандығының 3 курс студенттері Индира Ахмет, Айнұр Бикетова, Жадыра Жармұханбетова, Ақмарал Исакова сынды үздік студенттеріміз Қалмақ елінің Элиста қаласындағы Қалмақ мемлекеттік университетінде қысқы семестрде білім алып келді.

Оқуға барып келген студенттеріміздің айтуы бойынша ол жақта білім беру жүйесі дәріс жазып, емтиханды билет бойынша тапсырады екен. Бұл оқу орнының зертханалары құрал-жабдықтармен жақсы қамтылғандығын, біздегі кейбір жоқ жабдықтардың оларда кездесетіндігін, сондай-ақ арнайы студенттерге арналған әәулім кітапхана ғиямараты болуы білім алуға зор мүмкіндік беретінін, тіпті бізде жоқ кейбір оқулықтардың кездескендігін айтады.

- ҚалмМУ студенттеріне барлық жағдай жасалған. Бұл елдің тұрғындары қалмақтар, олармен қатар орыстар, қазақтар, татарлар тұратынын байқадық. Тек қалмақ тілінде көп сөйлемейді, барлығы дерлік орыс тілінде жүреді екен. Қай сабақ болмасын орыс тілінде дәріс жаздық, емтихан ауызша өтті. Мен қазақ тобынан барғанымды ескеріп, түсіністікпен қарады. Бірақ ойдағыдай тапсырдық, сабақ жағынан ешқандай қиындық болған жоқ. Мұғалімдер байланыс жасап, ректормен арнайы кездесу өтті, барлық жағдайымызды біліп отырды. Химия пәнінен дәріс берген ұстазымыз, доцент Санжиева Дильгара Андреевна кураторымыз болды. Біздің кейбір сабақтарымыз олардың 3 курс бағдарламасымен сәйкес келгендіктен, 3-ші курстармен

бірігіп оқыдық, жаңа достар таптық. Ол университетке оқуға Конго, Мали, Қытай, Моңғолия, тувалық студенттер де болды. Олар алдымен орыс тілін үйреніп, сосын сабақтарын 2 жыл жалғастырмақ. Бір қызығы олар «қ» деген әріпке тілдері келмеді, «қандай қиын әріп»,- дейді олар. Алдағы күнде ғылыми жұмыспен айналысып, ағылшын тілін үйренем бе деген ойым бар. ҚалмМУ Қазақстаннан келген студенттерге магистратурада ақысыз білімін жалғастыруға болады деген ұсыныстарын білдірді. Оқуды бітіргеннен кейін сол елге барып магистратураны жалғастырсам ба деген жоспарым да бар. Былтырғы өткен жазғы демалысымда қабылдау бөлімінде жұмыс жасадым. Биылғы жазда Мұрзалиев Айбар екеумізге университет ректоры Асхат Иманғалиев Қара теңізге демалуға жолдама беріп отыр. Осындай мүмкіндік беріп отырған университет басшылығына, ұстаздарыма ерекше алғысымды білдіремін,- дейді қуанышын бөліскен Аягүл Ашығалиева. Ал Жармұханбетова Жадыра мен Исакова Ақмарал да, алған әсерлерін жасырмай былайша баяндап берді: - бізде арнайы куратор болған жоқ, Дәріске қатысамыз, артынан тәжірибе өткіземіз. Арнайы жоба, тапсырмалар береді, сол жұмыстармен жеке дайындаламыз. Емтиханды ауызша өте жақсы тапсырдық. Басында кредиттік жүйеге үйреніп қалған бізге бұл жүйе қиындау болып, артынан үйренісіп кеттік. Біз 2, 3 және 5 курстармен бірге оқыдық. Саяхат жасап, бізді Элиста қаласының көрікті жерлерімен таныстырды, өте тамаша қала екен. Қалмақтар сенімі бойынша буддистер екен. City-час деген қалашығына бардық, ол жер архитектурасына қарасақ шахмат фигураларына ұқсас салынған екен. Ерекше әсер қалдырды. Біздің бір байқағанымыз, қалмақ тілі қиын, олардың тілі де, мәдениеті де қытайға жақын. Бірге оқыған студенттер Қазақстан елін дұрыс білмейтіндігін, тек Алматы мен Астана қаласының бар екендігін біледі. Біздің 22-наурыз мерекесі сияқты желтоқсанның 20-ы күні оларда «Ақ ай» деп аталады, ұлттық жаңа жыл күні екен. Сол күні біз де Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына байланысты елімізді таныстыру мақсатында



мерекелік кеш ұйымдастырып, өлең-жырдан шашу шашып, би биледік, өз елімізбен таныстырдық. Біздің өнерімізге, елімізге деген сүйіспеншілігімізге тәнті болды. Ол концертке қазақ ұлтының диаспорасы орталығынан ұлттық киімдерімізді кидік. Оқытушылар қауымының сабақ беру әдістері ұнады. Тек студенттердің дәрекілеу екендігін, үлкенді сыйлау сынды қасиеттерінің жоқтығын байқадық. Бізді еуростандартта салынған, тамақ пісіретін, жатын орны бар, жуынатын жері бар жаңа жатақханаға орналастырды. Олардың ұлттық «Борцык» деген тағамы біздің бауырсаққа ұқсас және ұлттық бешбармақ тағамымызға ұқсас тағамды да көрдік. Олардың шәйларына тұз салып ішетіндеріне куә болдық.

Біз осылай өзге елге барып, білім-білігімізді кеңейтіп, тәжірибе алып келуімізге қолдау көрсетіп отырған университетіміздің ректоры Асхат Сәлімұлына, декан Айгүл Бақтығалиқызына, Гүлмира Ғайсақызына алғысымызды білдіріміз. Осы бағдарлама жалғасын тауып, студенттердің болашақ жолын аша берсін, ұстаздарымыз біз сияқты шәкірттерінің жемісін көрсін дегіміз келеді.

Өз тілшіміз



Р
К
Е
Н

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

5



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазіргі таңда жаңа технологиялардың, компьютердің, оның ішінде ғаламтордың қызметіне жүгінбейтін адам кемде-кем. Бүгінде ғаламтор жастардың айнымас бір бөлігіне айналғандай. Өйткені, жолда, жұмыста, тіпті ас ішіп отырса да ұялы телефонға немесе агентке телмірген жастарды көретін болдық. Басым көпшілігін сыртқы орта, айналасы, ата-анасы, достары, оқу мәселесі қызықтырмайтыны соншалық, ғаламторға сүйеніп, кітап оқуды, ізденуді қойды десек те болады. Өйткені, ғаламторға кіріп, қажетті материалдыңатын жазсаңыз болды, түрлі рефераттар, мағлұматты тауып, дайын нәрсені шығарып, сабағына немқұрайлы қарайды. Көзінің майын тауысып кітап оқып, кітапхана табалдырығын тоздыратын жастар саны азайып барады. Осы маңызды да өзекті мәселені талқылау мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен **«Ғаламтордың ғаламатты және кесапаты» тақырыбында дөңгелек үстел** өтті. Дөңгелек үстелді ұйымдастырудағы негізгі мақсат – әлемді жайлап кеткен ғаламтордың пайдасы мен зиянына баса назар аудару. Дөңгелек үстел барысында бірқатар сұрақтар көтерілді. Атап өтер болсақ, «Жастар білімді, ақпаратты кітаптан, газет-журналдардан ала ма, әлде ғаламтордан ала ма?», «Ғаламторға қадалған жастардың бетін қалай кітапқа бұра аламыз?», «Ғаламтордан алған білім және кітаптан алған білімнің айырмашылығы неде?», «Қазіргі жастардың қызығушылығын кітапқа бұру керек пе?», «Жастар қандай сайттарды көптеп пайдаланады?», «Ғаламтордағы авторлық құқық қалай қорғалады?», «Агент ауру ма, әлде әдет пе?» және тағы да басқа сұрақтар төңірегінде қызу пікірталас туды. Аталмыш шараға оқу ордамыздың ақпараттық және білім беру технологиялары орталығының директоры Д.Ғ.Габдуллаев, БҚМУ баспасөз хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Р.Б.Сұлтанғалиева, «Информатика» кафедрасының оқытушысы Ғ.Ғ.Мұқанбетова, «Кітапханатану және библиография»

кафедрасының оқытушысы С.М.Сатығалиева, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің жетекшісі Ж.К.Тастаева және университеттің магистранттары мен студенттері қатысты. Дөңгелек үстелде сөз сөйлегендер көтерілген мәселенің мән-маңызына айрықша көңіл бөліп, қазіргі таңдағы жастардың ғаламторға көптеп бет алғанын ерекше атап өтті.

Әрине, ғаламтордың пайдасын да жоққа шығаруға болмайды. Ғаламтор басқа ақпарат құралдарының (радио, теледидар, газет, журнал) қатарына еніп, байланысқа кірудің жаңа бір түрін әкелді. Ол адамды мағлұматтардың қайнар көзімен тікелей қарым-қатынасқа түсіре алады. Адамға осы мағлұматтарға әртүрлі жолдар арқылы (диалог, іздеп табу, көзқарасын айту сияқты) қатысуға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, электрондық поштаның мүмкіндігін ерекше атап өткен жөн. Электронды пошта әлемдегі байланысу жолдарының ең арзаны, әрі ең жылдамына айналды. Бұл арқылы әлемнің кез-келген бұрышындағы адамға қас-қағым сәтте түрлі ақпараттарымызды жібере аламыз. Алайда ғаламтордың пайдасымен қатар зиян жағы да кездеседі. Британдық биологтар арнайы зерттеу жүргізе келіп, мынадай қорытынды жасап отыр: «Өлеуметтік желілерде үнемі отыру ми қызметіне де кері әсер етеді, гормональдық тепе-теңдікті бұзады, иммунитетті нашарлатады, мұның бәрі адамның жүйкесі мен ой-санасына белгілі бір мөлшерде ауыртпалық түсіреді». Өздеріңізге белгілі, жүйкеге салмақ түсуі дегеніңіз - ойлау қабілетінің төмендеуі, көңіл бөлу мен есте сақтаудың кемуі, бас ауруы мен ұйқысыздық, көңіл-күйдің құлазуы.

Сондықтан ғаламтордың пайдасы мен зиянын қатар ескеріп, өзіміздің болашағымызға, денсаулығымызға көңіл бөлуді ұмытпағанымыз жөн деп есептеймін.

Мейрамгүл СРАЛИЕВА,
филология мамандығының 1курс магистранты

Жас толқын



«Өркен» студенттер газетіне «Жас толқын» айдарымен қалалық және облыстық жалпы орта білім беретін мектепте оқитын оқушылардың шығармаларын жариялауды жөн көріп отырмыз. Олар болашақ студенттер. Сол себепті мектеп пен университет арасында байланыс орнатып, поэзияға жаны құмар, білім мен ғылымға ынталы, өнер мен спортқа әуес, талантты да дарынды оқушыларды газет бетіне жариялап, олардың шығармашылығымен таныстыру, жас өрендерге жол ашу – біздің мақсатымыз.

ӨЛЕҢ - сөздің патшасы

Бақтығалиева Жанерке Әділбекқызы - 1994 жылы 21 қаңтарда БҚО Жаңақала ауданы Пятимар ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда Әлия Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің 11^{«а»} сыныбында білім алуда. Қаламыздағы «Ақберен» жас ақындар мектебінің шәкірті. Жетекшісі - Қуаныш Талап Таймасұлы. Жетістіктері: қалалық «Балдәурен» фестивалінен алғыс хат (2009ж.); «Өнім де, жырым да сен - Қазақстан!» тәуелсіздікке арналған жас ақындар мұшайрасы - 2 орын (2009ж.); Ілияс оқулары - 2 орын (2010ж.), Жұбан оқулары - 2 орын (2010ж.); Абай оқулары 1 орын (2011ж.), облыстық Абай оқуларынан алғыс хат (2011 ж.); Сәкен оқулары - 3 орын (2011ж.), қала әкімінің дипломы (2011ж.) және жас ақындар номинациясы бойынша марапаттар.



Мектебіме

Жолын сілтеп болашаққа бағыт берген мектебім, Бүршік жарып гүл аттым да, бір өзіңнен көктемдім Сеніменен бірге өткен сұр күз бенен қарлы қыс, Сеніменен бірге өткен нұрға толы көктемім.

Тек мектептен бастау алған өмірімнен өткенім, Ендігісі болашақтың еншісінде өтпегім. Қанат қағып бір өзіңнен білім алып самғасам, Бағындырам талай-талай қиын сынның өткелін.

Батылдықпен келер шаққа бір адымдап беттедім Ашып жаңа болашақтың сырға толы беттерін. Ұмытылмас ешқашанда шәкіртіңнің жадынан Мектептегі талай күндер қызық шақтар өткенім.

Бір жыл бойы назар салып көңіл бөлдік білімге, Оқу жылы аяқталып қалды, міне, бүгінде. Мектебім мен достарымды қоштасуға қимаймын, Аман-есен көріскенше қыркүйектің бірінде.

2010 жыл

Шәкірті тілегі

Нәрін сепкен, сусындатып білімменен түлегін, Іштей болсын шәкіртіңе тек жақсылық тіледің! Осы өлең арнау болсын ұлағатты ұстазға, Бұл да менің лебізіммен тек шәкірттік тілегім.

Ұстаз - ұлы, ұстамды да, ардақты да асыл жан, Жарқын бейнең жаратылған жақұт пенен асылдан. Сізден алған тәрбие мен білім қоры таусылмас Армандаған болашақтың белестерін асудан.

Қату болса қабағыңыз айналғандай түнекке, Күлімдесе жанарыңыз жылу берер жүрекке.

Оқу - білім, тозбайтұғын қазынаны сыйлаған,
Ұлы ұстаз сақталады мәңгі шөкірт жүрекке.

Ұлы шыңын ұстаздықтың бағындырып шығыңыз,
Жеңісі мен шөкіртіңнің жемістерін көріңіз.
Мәңгі жастық бейнеңіз ол жадымызда сақталар,
Ұстазым тек ең бастысы аман-есен жүріңіз!

2010 жыл

Ғасыр ғұламасына наз...

Менің бүгін ойым парақ, ал шабытым қол-қалам,
Бас ақынға – бұл бастауым, шабыт-қанат бол маған.
Ақиқат, сен сәуле бергің өміріміңнің өңіне,
Шындық толы, сырлы шумақ сөз патшасын жолдағам.

Ұлылығын құрмет тұтып, әлем білген қиырдан,
Бастадым мен ғұламаға қайталанбас қиын ән.
Сырты күміс, іші алтын тілге жеңіл өрілген,
Өлең-өрнек, ою қиын қиыстырып қиыннан.

Серік болып қат парақпен ақ қауырсын қаламың,
«Сықырлы сөз» патшалықтың іргетасын қаладың.
Қоғамыңды қақ жардың да «үйрен» дедің талаптан,
Еселеніп еңбекпенен келеді деп қалауың.

Көңілің қап досыңнан да, дұшпаннан да безгенсің,
Үркіп едім «көңіл қалды» деп мұңайған сөзден шын.
Көлеңкемді қуып жүріп, сол сөзді еске түсірдім,
Өткерген соң өмірімнен, көргеннен соң көзбен шын.

Шырылдауық шегірткелер қыс түссе дәл қасында,
Жұрдай болған шегірткелер иманынан расында.
Кей шегіртке қарны ашса қаралы үйге шауып жүр,
Ал кейбірі құдайын да танымай адасуда.

Өмір жайлы ойлардан...

Балалық балдәурен де өте шықты,
Бұл өмір бір көтеріп, бірде жықты.
Болса да қанша сәттер қиналатын,
Қалдым сол баяғыдай қыз боп мықты.

Болып жүр осы күні таңдар әнім,
Кей кезде өз-өзіме таңданамын.
Алдағы өмір сынын көрмесем де
Мен неге өмір жайлы толғанамын...

Өмір осы заңдардан тұрады ма?
Пенденің заңдылық па жылауы да?
Қалам ап, ойға батып, мың толғаным,
Не түрткі болды екен жырлауы ма?!

2010 жыл

Мына заман кезінде өзің суреттеген сол заман,
Сөзің сенің сол заманның көрінісін сомдаған.
Кенет келіп әкетсе де қу ажалың қамшылап,
Өлең-өзен, сөзің-ағыс, жыр-жауқазын солмаған.

Қараңғылық қара бұлтын сөйілдірген ақ таңдай,
Семсер сөзі сұм тірліктің шындық шамын жаққандай.
Өлмес-өшпес өлеңдерің жасының да, қартының
Көңілі мен көкірегіне көзілдірік таққандай.

Сара жолда қара өлең қазанында қайнадың,
Қазағымның қазір ұлы перзентіне айналдың.
Шырмауында надандықтың шырылдаған елі үшін
Қайран қазақ сенің ұлың – Абайыңнан айналдым...

2011 жыл

Оқырман ой айтады

Осы біз

ҚАЗАҚПЫЗ

ба?

...Тілді егер ұлттың анасы десек,
анасын ауыстырды олар.
Жә, тоқта, әлде ана ауыстырғаның
үшін зормысың?

Адам табиғатына бұл жат тірлік екенін,
Өз тіліңді сүймеу сатқындық екенін
Түсінбегенің үшін – сорлысың!

Мұхтар Шаханов

Қазақ тілі бай, шешендігімен елді аузына қаратқан дана халық қазақ екендігі белгілі. Ежелден-ақ қазақ халқының шешендік ділмарлығы, сөзтапқыштығы, ақыл-парасаты, терең де тегеурінді, даналық нышанын танытатын айтқыштығы – бәрі де көпшілікке мәлім, оның ұлттық менталитетіне айналған, бойына сіңген асыл да абзал қасиеттеріне жатады. Қазақ халқы шұрайлы сөздің шырайын келтіре білген халық, әсіресе тұрмыстық тіл өте күшті дамыған. Басы көсем, тілі шешен қазақ халқы ер қанаты – жылқының ғана 50-60 атауын білген. Қазір осыншама бай тіл болған бауырлардың ұлттық болмысынан айырылып, ұлттың жаны – ана тілін жоғалтып жатқаны өкінішті-ақ. Дүниедегі ең қымбат, ең жақын, өзімізге өмір сыйлаған асыл анамыз бен асқар таудай әкемізді ана сүтімен дарыған тумысымыздан берілетін өз ана тілімізде атай алмай отырғанымызға не дейміз, бұған қалай қынжылмасқа, қалай арланбасқа болады?!

«Мама» мен «папаны» қазақшалай алмай отырып, дүние жүзі елдері тікелей қолданатын сан-салалы ғылыми термин сөздерді сыпыра қазақшалаймыз деп әуре болып жатқанымызға жол болсын! Ата-анамызды ана тілінде атамасақ, шынында да біз кімбіз, осы біз қазақпыз ба?

Ата-ана – киелі ұғымдар. Ақ жаулықты ананың киесі мен бабамыздың рухын жоғалтып алған жоқпыз ба? Неге жастарымызда ананың ақ сүтімен енген өз тіліне деген ынтасы жоқ, неге оны ағылшын, орыс тілдерінен төмен санайды? Менің ойымша, оның себебі – қазақ тілінің қоғамдық дәрежесінің төмендігі, ол тілдің әлі де өмір қажеттілігіне айнала алмай отырғандығы, өз елінде, өз жерінде өз халқынан жетімдік көруі деп білемін. Әрине, оның басты себебі, кешегі кеңес кезінде жүйелі тәртіп, пәрменді заң, әлеуметтік жетістіктер болғанымен, тоталитарлық-өміршілік пен орыстандыру саясаты қазақ рухын түсіріп, оның ана тілін, төл мәдениеті мен тәрбие үлгілерін жоққа шығарды. Оны жоғалтудың, елді бездірудің түрлі әдіс-тәсілдерін ойлап тапты. Қазақ ұлтын, оның тарихы мен ұлы тұлғаларын құбыжық, күлкі етті. Мәдени мұраларын жойды. Содан барып дінін, ділін, тілін білмейтін, туған-туысын танымайтын, ұлтын сыйламайтын, ата-ананы тыңдамайтын ұрпақ өсіп шықты. Кез-келген басқыншылық саясат секілді Ресейдің саясаты да қазақтың тарихын, дінін, салт-дәстүрін, тілін құртуға бағытталды, тарихты бұрмалап, жер-су атауларын орыстандырды. Салт-дәстүрімізді ескіліктің қалдығы деп халықтың санасынан шығаруға тырысты. Әрине, бұл саясаттың етек жаюына қолшоқпар болған, жігерсіз, көнбіс, жалтақ- жағымпаз қауым пайда болды, сол жігерсіз қауымның ұрпақтары бүгінге жетіп, тілін, туған халқының салт- дәстүрін, ұлтын менсінбей, халықты шатастырып келеді. Міне, осылайша, біздер ана тілімізді қорлау арқылы ұрпағымызды ата-баба зердесінен айырып отырғанымызды ескере бермейміз.

Ұлт болу үшін, М.Шаханов айтқандай, қасиетті төрт ананы қадірлеу керек: ұлттық тіл, ұлттық тарих, салт-дәстүр мен ұлттық өнер. Әсіресе, тілімізді бірінші орынға қою қажет. Себебі, қазақ тілінің көсегесін көгертпесек, онда ешқашан ұлт ретінде өзімізді өзгелерге мойындата да, сыйлата да алмаймыз. Мемлекеттің келешегі – бойында ұлттық намысы кернеген қазақ жастарында.

Латын тілінде «мамма» - әйел адамның кеудесі ұғымын, ал «папа» сөзі латын, грек тілдерінде рим-католик шіркеуінің басшысы, әкесі ұғымын береді екен. Сонда «мама» мен «папаның» ұлттық болмысымызға сай қазақша қаратпа атаулары қандай болуы керек? Бұл мәселенің мүддесінен шығып, ол былай деп кесіп айту қиын. Еліміздің әр аймағында жергілікті диалектіге байланысты әркімдер әртүрлі атап жүр. Әдетте «мама» сөзінің орнына – ана, апа, шеше, тәте, ал «папа» сөзінің орнына - әке, көке, ата атаулары қолданылады. Қалай болғанда да, олардың өзіміздің ана тілінде болуы керектігі талассыз. Алдағы уақытта жас буын жеткіншектердің тілін «мамалатпай» - аналатсақ, «папалатпай» - әкелетсек деймін, қадірлі оқырман!

Сонда бұл атаулардың мәні де, салмағы да өзгеше болар еді. Қасиетті тілімізді жастарға үлгі етіп, әдет-ғұрпымызды сөзуарлықпен емес, тәжірибемізбен ұқтыра алсақ, салт-дәстүріміз бен тіліміз жанданар еді, рухымызға тірек бітіп, халқымыз құл болған сезімнен арылып, өр сезімді жастарды өсіріп шығаруға жол ашылар еді.

Баланың бас ұстазы – ата-анасы. Өзіміз түзелмей, сөзіміз түзелмейді деп білемін.

Жұмабай НӘБИҰЛЫ,

құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

О биржевых сводках и начальном капитале

Казахстанская фондовая биржа (KASE) организовала учебную торговую биржу, которая действует третий сезон. Участниками ее могут стать студенты вузов экономических специальностей. Это своеобразная программа обучения на вполне реальных условиях. Биржа – дело в Казахстане новое, при этом, как показывает мировая практика, довольно прибыльное. При условии, что ты знаешь, умеешь и тебе благоволят Ее Величество Удача.

Но вернемся к нашим героям. В этом году впервые ЗКГУ им. М.Утемисова стал участником учебной биржевой игры. По условиям игры вуз выставляет команду из пяти студентов. Для регистрации команды в игре необходимо внести 25 тыс. тенге на счет организаторов игры. Всего участвует в этом году 21 команда из всех регионов республики. Кстати, наша команда единственная участница из Западного региона. Каждый член команды должен обладать 1 млн. виртуальных денег, из них 500 тыс. «свободных» тенге и 500 тыс. тенге в виде акций, «формирующих портфель».

Студенты факультета экономики и управления - капитан команды **Далиль Чегенбаев** (3 курс, «маркетинг»), **Роман Хисаметдинов** (2 ускоренный курс, «финансы»), **Артем Хрокалов** (3 курс, «финансы»), **Тимурлан Байгуатов** (3 курс, «финансы»), **Артур Джамалиев** (2 ускоренный курс, «финансы») – вот уже второй месяц все свое свободное время пропадают в сетях. Причем не в социальных, как принято думать, а в финансовых. Игра, стартовавшая 27 февраля, будет идти ровно два месяца, по итогам которой будет определен победитель. Цель игры – воспитание будущих трейдеров.

– Нам создали все условия, и за это мы очень благодарны нашему университету. Ректор Асхат Салимович полностью решил финансовую сторону. На факультете оборудовали кабинет, обеспечили круглосуточным интернетом, - рассказывают Далиль и Роман (на фото). – С утра мы проверяем почту, просматриваем биржевые новости. Затем высматриваем, какие изменения произошли за период в конъюнктуре рынка акций. На KASE за день совершаются примерно 40 сделок. Это мелочи по сравнению с Уоллстрит. Там за минуту совершаются тысячи сделок. Но мы учимся. Конечно нужны знания и навыки. Много читаем. А уж произведения Роберта Кеоосаки и Уоррена Баффета для трейдера должны стать настольными книгами. Для новичков мы неплохо начали – примерно в «золотой середине». Сейчас - в числе лидеров!

Благодаря игре они на практике ощутили, что такое рабочая атмосфера и командный дух. Для успешной игры на бирже, как поняли ребята, необходимо обладать

Этих ребят вы вряд ли встретите в ночном клубе или в кафе, да и беспечно гулять по улицам с толпой сверстников им недосуг. Ими владеет совсем иная страсть – ОНИ ИГРАЮТ НА БИРЖЕ!



психологической твердостью, знаниями и в некоторой степени удачей. Всегда рядом их вдохновители и главные наставники – преподаватели, в числе которых **Елизавета Анатольевна Скок, Наталия Михайловна Антонова** и, конечно же, **декан факультета экономики и управления Галина Ивановна Нестеренко**.

По признанию Романа Хисамединова и Далиля Чегенбаева, они не были активными студентами. Это преподаватели разбудили их интерес и азарт в познавательной деятельности. Все началось с того, что им было предложено поучаствовать в телевизионной передаче «Умная игра», которая идет на телеканале «НТК». Приз для победителей – бесплатное обучение в магистратуре Нацбанка при РФЦА. Ребята участвовали в передаче, запись которой шла 26-29 февраля, в которой приняли участие 144 студентов экономических специальностей вузов страны.

Игра проходит в три этапа. Первый тур отборочный. Второй – защита бизнес-плана. Третий этап – биржа. Роман сошел с первого тура. Далиль не смог преодолеть второй тур, хотя его бизнес-план был безупречен. Но студенты не расстраиваются, ведь они приобрели бесценный опыт и ощущение цены знаний.

Жизненная активность, уверенные ребята, дают хороший стимул для получения новых знаний, которые станут в недалеком будущем фундаментом и начальным капиталом для процветания. Университет дает достаточно знаний, чтобы стать хорошим специалистом, но для них интереснее создать свой бизнес и работать на себя. И чем больше они загружают себя, тем шире становится горизонт их интересов.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

ИСТОРИЧЕСКАЯ ОЛИМПИАДА в ЗКГУ

Как сильно ошибается школьник, если он думает, что история – наука сухая, лишенная романтики и свершений и вообще – «дела давно минувших дней, преданья старины глубокой» не для молодежи! Ан нет, сказали учащиеся 10-11 классов, участники олимпиады по всемирной истории, которую провела кафедра всемирной истории и социально-политических дисциплин факультета «История и право» ЗКГУ им. М.Утемисова.

В олимпиаде, которая состоялась 28 февраля, приняли участие 29 учеников из 14 средних школ города Уральска. Задания были более чем серьезные, ведь если первый тур предполагал проверку знаний дат и исторических событий путем тестовых заданий, то второй тур проверял умение школьников выражать свое мнение, отстаивать его публично, выступая с эссе собственного написания.

Наиболее сложным, но и увлекательным был второй тур. Участникам были предложены темы по трем направлениям: «Выдающиеся исторические личности», «Историческое событие, изменившее жизнь человечества, отдельных обществ, народов и государств», «Достижения культуры, науки». Ребята рассказали о Махатме Ганди, Шарле де Голле, Мустафе Кемаль Ататюрке, Аврааме Линкольне, не обошли стороной изобретение Гуттенбергом печатного станка, великие географические открытия, провели обзор величайшим памятникам культуры.

Пока жюри в составе **К.М.Науановой, канд. философских наук, доцент, Х.И.Кожабегеновой, канд. исторических наук, доцент, Д.Б.Абулкасовой, канд. социологических наук, ст. преподаватель, Г.Н.Есеевой, замдекана по воспитательной работе**, подвели итоги олимпиады, для участников провели экскурсию, а также показали видеоролик о факультете истории и права и небольшой концерт силами студентов факультета.

Наибольший балл (24 из 25) по тестированию набрали учащиеся **СОШ №38 Акмарал Салимгалиева, Султан Жусупкалиев, СШ №41 Есбол Ибатов, СОШ №45 Нурсултан Уразгалиев**. Награждены почетными грамотами за лучшее эссе ученик **СШ №20 Ербол Ибрашев**, за лучшую презентацию - ученики **СШ №23 Диар Сатханов, СШ №45 Нурсултан Уразгалиев**, грамоту за активное участие в олимпиаде получили учащиеся **СОШ №38 и СОШ №41**. Победителем, занявшим **1 место** в олимпиаде по всемирной истории, стал ученик **СШ №38 Султан Жусупкалиев**. Заслуженно **2 место** досталось ученику **СШ №41 Есболу Ибатову**, **3 место** - ученице **СОШ №38 Акмарал Салимгалиевой**.

По словам **заведующей кафедрой всемирной истории и социально-политических дисциплин К.М.Науановой**, олимпиады, проводимые в стенах вуза, пробуждают у школьников интерес к исторической науке и к профессии учителя.

- В целом, олимпиада прошла очень интересно, учителя и учащиеся выразили свое желание и дальше развивать творческое сотрудничество между школами и нашим университетом, - сказала Карманай Мадиевна.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

көптеген мемлекеттерге барып діни сауат ашушылар көбейіп кетті. Бұл – жақсы үрдіс емес. Қазіргі уақытта түрлі ағымдар, ұйымдар бар. Дінімізді солардың ықпалынан таза сақтау үшін ерекше білімді, елін сүйетін отандық дін мамандары қажет. Алайда, біздегі көптеген жастар шетелдерде әдетте өзге масхабпен білім алып келіп жа-тады. Мен өз басым шетелде діни сауат ашуға сақтықпен қараймын. Сондықтан, біздің елімізге осындай білім ордалары аса қажет».

Діни ілім жинауға құштар жастарды шетелге жіберу дұрыс па? Бұл біздің мемлекетімізге, біртұтастығымызға қаншалықты қауіпсіз?

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы азаматтарды шетелге жіберуді тоқтату мақсатында «Нұр Мұбарақ» университетін, Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент және Павлодар қалаларында діни медреселерді ашқан. Бүгінгі заман талаптарына толықтай жауап беруге ұмтылған бұл оқу орындары база жаңартуда барынша жұмыстанып келеді. Университет, медресе шәкірттерінің білімін көтеру мақсатында Египет, Араб елдерінен профессор, докторлар шақырылуда. Алдағы басты міндет – қазақтың дәстүріне, қанына жақын байсалды исламды қазаққа қайтару. Сол үшін де жергілікті діни оқу орындарының білімі мен біліктілігін арттыру арқылы кадр тапшылығы мәселесін шешіп алу керек.

Тәуелсіздік алғалы қабылданған заңда есеп жоқ. Олардың ішінде сан өзгеріп, сан түрленгендері, қабылданғалы бері түзету мен өзгертуден көз аспағандары да жетерлік. Тек «ҚР Діни сенім бостандығы туралы» заң ғана бір өзгертусіз келеді. Демократия мен демагогияны ажырата алмай жүрген қайран қазекөң заң солқылдақтығының кесірінен де жынға табынған секталардың шырмауына оңай ілінуде. Елдігіміздің, мемлекеттігіміздің тұтастығы сақталып қалсын десек, айта-айта жауыр болған осы бір заңды да қатайтып, шетелге кеткен жастарды бақылауға алатын кез әлдеқашан жетті деп отырғанымыз да осыдан.

Елдана АСЫЛХАНОВА

ЖАҒАНЫ ҰСТАТҚАН ЖАТ АҒЫМДАР

Соңғы кезде облысымызда «секталар» деген атқа ие болған дәстүрсіз діни ұйымдардың алдау-арбауына түсіп, құрсаулы торынан шыға алмай, отбасынан айырылып, өмірімен ерте қоштасып жатқан жандар саны артпаса, кемімей отыр. Олар еліміз бойынша өз жұмыстарын дәстүрлі емес бағытта жүргізіп келеді.

Біздің мемлекетте азаматтарға діни сенім бостандығы берілген, яғни, кім қандай дінді ұстанамын десе өз еркі. Әрине, бұл жердегі әңгіме адамзатқа ежелден таныс дәстүрлі діндер туралы болып отыр. Дегенмен, түбі белгісіз, ойдан шығарылған діни ағымдарға да тыйым болмағандықтан, олар ойына келгенін жасап жүр. Бүгінде елімізде шет елдерде жұмысына тыйым салынған көптеген діни секталардың мыңнан аса филиалдары бар екен. Осы филиалдарға кіріп, олардың оқытқан бағытын ұстанған көптеген адамдар «діндестерінен» зәбір көргендігі туралы арнайы ұйымдарға арызданып та үлгерген. Құқық қорғау органдарының айтуынша, ең өкініштісі, олар аты-жөндерін жасырып, ашық шағымданбағандықтан, көп жағдайда секталардың айыбын ашу қиынға соғуда.

КҮШІРЛІК ДЕГЕН ОСЫ!..

Бүгінгі күні қоғамға аса қауіп төндіріп «уаһхабизм» доктринасына ерушілер «сәләфтар», «таблиғи жамағат», «такфирлер», сонымен қатар «Алла аят» заңсыз діни ағымдарының өкілдері қызметтерімен дінді бүркемелеп, өздерінің жасырын мақсаттарына қол жеткізу үшін белсенділік танытып, әрекет етуде.

Ал енді, республика аумағында заңды тіркеліп, жұмыс жасап жатқан кейбір діни бірлестіктерге тоқталайық.

«Жаңа өмір» толық інжілдік шіркеуі – христиан дінінің протестанттық ағымын ұстанады.

«Жетінші күн христиан Адвентистер» шіркеуі белсенді қызмет атқаруда, діни бірлестіктердің «прозелитизмі» өте күшті, философиясы жастарды пацифизмге тәрбиелеу. Бұл мемлекеттік құрылымдарды мойындамауға, мемлекеттік нышандарды құрметтемеуге, әскер қатарына барудан бас тартуға баулу деген сөз. Мұндағылардың барлығы дерлік – қазақтар.

Інжілдік және мейірімділік миссиясы қазақстандық Назарянин шіркеуінің негізін кәріс ұлты құрайды. Жоғарыда аталған діни бірлестіктердің жексенбілік уағыз-насихаты – діни ғибадаттарын өтеу және інжілді насихаттау. Алайда, діни рәсімдерінен кейін олардың өз арасында не айтыла-тынын білу мүмкін емес. Өйткені, олар бөгде азаматтар отырған жерде жақ ашпайды.

Республика аумағында алаңдатушылық туғызып отырған діни бірлестік – «Иегово куәгерлері». Олар біздің облыста 2009 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Ұйым өкілдері осы жылдар ішінде азаматтарды өз қатарына көптеп тартуға тырысып бағуда. Кең қолданатын тәсілдері – азаматтарға қоңырау шалу, үйлерге кітаптар тарату. Жалпы

христиан діни бірлестіктерінің арасында православие діни бейтараптық ұстанады, алайда, дәстүрсіз діни бірлестіктер ресми православиені жек көреді, Католик шіркеуі мен Православиені ұстанушыларды діннен безгендер деп есептейді және соны өз мүшелеріне насихаттайды. Осыдан келіп дәстүрлі христиандық пен тоталитарлық секталардың арасындағы қырғи-қабақ текетірес даму үстінде. Осындай діни бірлестіктердің ұстанған бағытына, оған сенетіндердің әрекетіне көз жіберсеңіз, еріксіз бас шайқайсыз.

ТАҚЫРЫП – ТӨТЕНШЕ, ЗАҢ – БОЛБЫР

«Адал да әділ Ислам дінін насихаттау – жүрегі «елім», «жерім» деп соғатын әрбір азаматтың парызы. Ендеше, елді бір тудың астына біріктіреміз деген жоспарымызға балта шапқысы келетіндер әртүрлі іріткі салу жұмыстарын жасап бағуда. Олардың етек жайып, белең алуы, күшеюі - болашағымыз үшін қауіп. Ендеше секталармен күрес мемлекеттік деңгейде жүруі керек. Елдің болашағын, ұрпақтың саулығын емес, тек қана байлық пен билікті, ақшаны көздеген ондайлардан Алла тағала ынтымақ пен бірлігімізді сақтасын, қазақ халқына, жастарымызға дұрыс жолды нәсіп етсін. Ондайлармен барша халық болып күресу қажет». Секталар қоғам үшін де, адамзат баласының бейбіт тіршілігі үшін де қауіпті болуымен қатар, заң жағынан келгенде де дұрыс емес. Өйткені, олардың арасына Әділет министрлігінен тіркеуден өтіп, өз жұмыстарын заңды атқарып отырғандар да, сондай-ақ, тіркелмей, заңсыз қызмет етіп жатқандар да бар. Менің, яғни, православтардың пікірінше, олардың арасында қауіптілері де жоқ емес. Мәселен, «Иегова куәгерлері» әлемдегі өте қауіпті ұйымдардың бірі ретінде саналады. Көптеген мемлекеттер бұл ұйымның жұмысына шектеу қойды. Діни бірлестіктердің түпкі мақсаты – халықты мемлекетке қарсы шығару, тыныштықты бұзу.

Діни ұйымдар өз қатарларын оңай толықтырып біледі. Өйткені, олардың үгіт-насихат құралы да, материалдық-техникалық базасы да жоғары дәрежеде қамтамасыз етілген. Осының «арқасында» халық жас-кәрісіне қарамай, өзінің тарихи, дәстүрлі діндерінен оп-оңай шығып, секта мүшелеріне айналуға. Әсіресе, олардың қатарының жас мүшелермен толығып отыруы қалың жұртшылықты алаңдатуға.

ШЕТЕЛДЕН ДІН ҮЙРЕНУ ИМАНДЫЛЫҒЫМЫЗҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ?

Тақырыпқа тұздық. Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі: «Соңғы кездері Пәкістан, Египет сынды



Р
К
Є
Н

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

7



Р
К
Е
Н

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

8



№ 2, наурыз 2012 жыл

Исратылыстану-математикалық факультетінің Жарысы

Армысың, өз НАУРЫЗ!

Ежелден келе жатқан халқымыздың ұлы мейрамдарының бірі, бүкіл түркі халықтарының мейрамы Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамын әрқашанда халқымыз салт-дәстүріміз бойынша тойлап келеді.

Осынау, Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамын М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың физика, математика және информатика бөлімдерінің студенттері ұйымдастырған болатынбыз.

Студенттеріміз ата-дәстүріміз бойынша Наурыз мейрамы қарсаңында орындалатын салт-дәстүрімізді ұлықтап, бар өнерлерін ортаға салды.

Наурызда қазақ халқымыздың дәстүрі бойынша киіз үйде, қасиетті шаңырақ астында әжелеріміз «Наурыз көже», ұлттық тағамдар дайындап, жастар арасында «Қыз қуу», «Алтыбақан», «Көкпар», «Бәйге», «Аударыспақ», «Асық», т.б. ұлттық ойындар ұйымдастырылып, үлкен той жасайтын болған. Бұл орайда салт-дәстүрсіз қазақты елестету мүмкін емес!

Сол себепті де атадан балаға қалған дәстүрімізді бойына сіңіріп өсер қазақтың ұрпақтары ретінде үлкендерімізден көріп, бойымызға жиған өнегелерімізді ортаға салдық.

Ұлттық мейрамымыз ата-салтымыздан келе жатқан «шашудан» басталды. Қазағымыздың қасиетті қара домбырасынан күй шертіліп, асқақтата ән айтылып, мың бұрала би биленді.

О бастан жомарт қазақ топырағы,
Ол қашан дастархансыз тоқырады
Мейманға нәрін беріп,
Барын беріп,

Қонақтан қалғанын жеп отырады, - демекші қонақжай қазақ халқының ұлттық тағамға толы дастарханы жайылып, қолдарынан бал тамған аруларымыз келген қонақтарымызға, студенттерге дәм ұсынған болатын.

Ортаға үлгі тұтар ұстаздарымызды алып, қонақтарымыз бен студенттеріміз ұлттық биімізді нақыштап «Қара жорға» биін билеп, Наурыз-думанын өткіздік. Мереке кеш соңында бата берілді.

Мейрам қонағы М.Өтемісов атындағы БҚМУ тәрбие



жөніндегі бөлім жетекшісі М.Исатаев қыздарымыз дайындаған наурыз көжеден дәм татып, өз сөзін Қазбек бабамыздың даналығынан:

Біз, қазақ, мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз,
Елімізден құт-береке қашпасын деп
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз!
Ешбір ел басынбаған елміз!

Басымыздан сөз асырмаған елміз! – деп бастап, «Бұл қуантарлық жағдай, сіздердей қазақтың ұлдары мен қаракөз қазақ қыздары тұрғанда біз ешқашан ұлт ретінде жоғалмаймыз да, кемімейміз де. Ұлыс оң, ақ мол болсын!» деген жігерлі сөздерімен студенттеріміздің рухын көтеріп, ақ тілегін жолдап, «Көрген бала көргенін істейді, көрмеген бала көргенсіздігін істейді», -деп ұлттық нақышта дәстүр жалғастығын көріп, осындай мерекені ұйымдастырған физика, математика және информатика бөлімдері студенттерінің белсенділігін, көрегендігін айтып, ризашылығын білдіріп, Наурыз мейрамымен құттықтады.

Шынар АПАЛИТОВА,
физика мамандығының 1 курс студенті

Көктем. Көктем десе адамның жаны жылы шырайға бөленеді. Есімізге аяулы жандарымыз «әйел қауымы» еріксіз келеді. Осыншама гүлдей құлпырған қыздарымыз көктемнің жайнаған гүлдері іспетті. Ал көктемнің жайма шуақ күндері анамыздың бізге төккен мейірімі секілді. Осындай керемет мезгілдің ерекше күні - сегізінші наурыз. 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні.

Сарқылмайтын жылылық, АНА АТЫ - ҰЛЫЛЫҚ



Ең алдымен, қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің

аяулы ұстаздары мен гүлдей жайнаған қыздарын мерекелерімен құттықтағым келеді.

Көктемнің керемет күндерінің бірінде жаратылыстану бөлімінің қырандай білікті жігіттері концерт ұйымдастырды. Талантты да дарынды студент жігіттер ардақты ұстаздарымыз бен аруларымыздың көңілдерін әсем ән-жырға бөлеп, бір жадыратып тастады.

Бізді білім мен ғылымға баулып, еліміздің сүюге, ата-ананы қадірлеуге, болашағымызға дұрыс бағдар беріп, маман болып қалыптасуымызға тәрбиелеп отырған, ауылын аңсаған студент жастарға бар мейірімін аямаған ұстаздарымыздың еңбектеріне жеміс, отбасыларына бақыт, ұзақ та мәнді ғұмыр тілейміз. Сіздердің алдарыңызда мәңгі бас иіп өтеміз. Әр ұстаз біздің жүрегімізде өз мейірімімен, өз әдісімен мәңгі қалмақ.

01204-топ студенттері

Жас қалам

Білім ордам - БҚМУ

Ақ Жайықтың жағасынан орын тепкен,
Барша адамға білімнің дәнін сепкен
Бабалардың көзіндей боп бүгінгіге
80 жылдық тарихымен келіп жеткен.

Бүгін міне, 80 жыл - сенім менен еңбекке
Бүгін міне, 80 жыл - мақсат пенен міндетке
Бүгін міне, 80 жыл - асыл арман, тілекке
Бүгін міне, 80 жыл - қажыр, қайрат, ерлікке.

Тұнған тарих естеліктер сыр шерткен,
Талай-талай ұстаздарды түлеткен
Қай жерде де кездеседі керемет,
Ұландары, қырандары бұл неткен!

Сырғып өткен байқатпай бұл заманға,
Уақыт шіркін зырылдайды қашанда
Иманғали, Бірғанымдай тұлғалар
Мақтан тұтар «Қазағым!» дер әр бала.

Махамбеттің ұрпағымыз мақтанар,
Еңбегіміз сын сағатта ақталар
Үзілмесін салт-дәстүріміз секілді,
Тола берер, мың ғасырға жалғасар!

Гүлстан БАҚТЫҒАЛИЕВА,
0111-топ студенті

XXI ғасырдың дерті - АҚТҚ/ЖҚТБ

Қазіргі кезде қоғамды алаңдатып отырған ең өзекті мәселенің бірі АҚТҚ/ЖҚТБ болып отыр. АҚТҚ/ЖҚТБ-мен күрес мақсатында еріктілер қатарын дайындау, семинар-тренинг өткізу сияқты әр түрлі жұмыстар атқарылып отыр. АҚТҚ вирусы иммундық жүйені зақымдап, ЖҚТБ сатысына жеткізіп, әр түрлі жұқпалы аурулардан ағза қорғана алмай, дүние салып жатады. Бұл вирусқа қарсы дәрі тапса да, вирус сол дәріге адаптация жасап, одан әрі қауіпті деңгейге өтеді. Бұл вируспен тек қоғамды ақпараттандыру арқылы күресе аламыз. Семинар, әр түрлі тренинг ойындар ұйымдастыру арқылы жастарымызға ой сала аламыз. Олардың болашақтары өз қолында. Сондықтан ешқашан еліктемеу керек. Өйткені, адам бойындағы ең сұрқайы мінездің бірі еліктегіштік, өзгенің айтқанымен өмір сүру. Жастарымыздың өз ойларын қалыптастыруымыз керек. Еліктегіштік адам өмірін құрдымға жібереді. Бір оқыс қимыл жасамас бұрын, әбден ойланған жөн. Өйткені бір қателіктің кесірінен адам өз өмірімен қоштасады. АҚТҚ/ЖҚТБ жұқпасына шалдыққан адамның өмірінің мәні кетеді. Қоғамнан шектелген адам не білім ала алмайды, не жұмыс таба алмайды, отбасы, жақындарын жоғалтады. Қоғамда АҚТҚ жұқпасы жайлы мәлімет өте аз. Сондықтан арнайы дайындалған еріктілер қоғамды ақпараттандырып, шектеуге қарсы күресуіміз керек. Сол мақсатта наурыздың 16-шы жұлдызында жаратылыстану-математикалық факультетінде облыстық ЖҚТБ орталығының дәрігер-эпидемиолог Хафизова Эльвира Ақылбекқызы факультет студенттеріне «XXI ғасырдың дерті - АҚТҚ/ЖҚТБ» атты дәріс оқып, толық ақпарат берді.

Ромео мен Джульетта

Наурыздың 16-шы жұлдызы күні облысымыздың қазақ драма театрында «Ромео мен Джульетта» қойылымы қойылды.

Қойылым өте мағыналы, тәрбиелі, өмірдің шындығы мен қиындығын көрсетіп, әділетсіздікпен күресуді үйретеді. Шынайы махаббат, достық ешқашан өлмейді. Осыншама құнды, мағыналы қойылымды көру мен үшін арман еді. Қойылымды көре отырып, қатты толқыдым, қазіргі заманғы ақпараттық-технологияларды қолданғанда, одан әрі қойылым әрлене түсті. Қазақ драма театрында өткен қойылымның қай-қайсысы да көрерменнің жүрегінен орын ала білді. Өрттістердің бойындағы керемет шеберлікке тамсана да таңқала қарамау мүмкін емес. Қай уақытта да махаббаттың нағыз үлгісі бола білген «Ромео мен Джульетта» қойылымы әрқашан ерекше болып қала бермек.

Салтанат СТАХАНОВА,
биология мамандығының 2-курс студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сәуірдің 12-13 күндері біздің университетімізде математика пәні бойынша студенттер арасындағы Республикалық олимпиада өтеді. Олимпиадаға қатысамын деушілер жаратылыстану-математикалық факультетінің деканатына келіп жолығуларына болады.

Анықтама телефоны: 50-35-49

Ұйымдастырушылар

Есть такая женщина: ПЕДАГОГ, УЧЕНЫЙ, ОРГАНИЗАТОР

Завадская Лидия Григорьевна – одна из видных педагогов и руководителей естественно-географического факультета Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина (ныне ЗКГУ им. М.Утемисова). Она прошла путь от ассистента до заведующего кафедрой зоологии и экологии декана факультета. Она активно занималась общественно-политической работой: была председателем народного контроля института, членом парткома КПСС, членом Республиканской ревизионной комиссии общества «Знание». Добилась Лидия Георгиевна таких успехов и авторитета среди студентов и коллег благодаря своему трудолюбию и целеустремленности. Профессия учителя ее привлекала со школьной скамьи и в этом сыграли большую роль учителя школы № 6 г.Уральска. Для плодотворной работы необходима поддержка близких и родных, которую она имела в лице мамы - Ксении Алексеевны Фартуковой и супруга Николая Васильевича Завадского. Продолжает дело, начатое Лидией Георгиевной, ее дочь Лариса Николаевна Завадская, к.б.н., доцент кафедры биологии и экологии. В 1950 г. Лидия Григорьевна поступила на естественно-географический факультет Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина. Еще будучи студенткой

она начала активно заниматься научными исследованиями, основной темой, разрабатываемой на кафедре зоологии, «Кокцидии сельскохозяйственных и диких животных». В 1954 году Лидия Григорьевна, успешно окончив институт, была оставлена ассистентом на кафедре «Зоологии» и, не теряя времени, определилась с научными исследованиями. Она поступает в аспирантуру при кафедре «Методика преподавания биологии» ЛГПИ им. А.И.Герцена г.Ленинграда. Под руководством профессора П.И.Боровицкого выполнила и успешно защитила в 1964 году кандидатскую диссертацию на тему: «Формирование научно-материалистического мировоззрения школьников на уроках биологии». Диссертация была написана на основе анализа, обобщения, опыта работы лучших учителей школы города и собственно материала. Материалы диссертационной работы стали широко применяться в процессе учебной деятельности учителей биологии г.Уральска и области. За годы заведования кафедрой (с 1969 по 1979) Лидия Георгиевна особое внимание уделяла качеству подготовки будущих специалистов. Но, как известно, качество подготовки специалистов зависит от многих факторов: главными, из которых



являются материально-техническая база и компетентные преподаватели. Она активно начала пополнять материально-техническую базу кафедры. В эти годы были созданы: кабинет методики преподавания биологии с укомплектованным оборудованием и наглядными пособиями, организован уголок живой природы, где студенты проводили опыты, эксперименты с животными и растениями. Была тесная связь института со школами города и области, школьники под руководством преподавателей и доцентов проводили научные исследования и готовили проекты, которые защищали на совместных конференциях в стенах института. В учебной работе Лидия Григорьевна проявила многосторонние способности.

Она создала оригинальные лекционные курсы по методике преподавания биологии, зоологии беспозвоночных, дарвинизму, спецкурсы по энтомологии, внеклассной работе. Ею были разработаны и прочитаны цикл лекции в Областном институте Усовершенствования учителей по современным проблемам методики преподавания биологии. Для учителей общеобразовательных школ области. Л.Г.Завадская вела большую научно-исследовательскую работу по проблемам: совершенствование учебно-воспитательной работы студентов и школьников при изучении дисциплин биологического цикла; изучение видового состава насекомых области и их биотопическая приуроченность; редкие животные области и меры их охраны. По результатам научных исследований ею опубликовано свыше 60 работ. В соавторстве с доцентом А.М.Сторожевой был составлен «Определитель прямокрылых насекомых Уральской области» (6 выпусков). Л.Г.Завадская награждена знаком «Отличник просвещения СССР», Юбилейной медалью «100–летие Ленина», медалью «Ветеран труда», Грамотами Министерства Образования РК. Коллектив естественно - математического факультета и администрация ЗКГУ им. М. Утемисова от всей души поздравляют Вас с днем рождения! Желаем Вам доброго здоровья и долголетия!!!!

**Л.А.БАЙДУЛОВА,
К.Б.БУЛАТОВА**

Тәжірибе

Студенттердің болашақ мұғалім болуға ынтасын арттырып, әдістемелік қоржындарын толтыруына ықпал ету үшін біз «Мектеп тәжірибесінен» айдарын енгізгелі отырмыз. Оқыту үрдісін түсіну мен оны жүзеге асырудағы жаңа технологияны меңгеру әрбір студент үшін маңызды.

Гидросфера туралы ұғым. Дүниежүзілік су айналымы

Ауызша журнал мазмұны

Жердегі су. Журнал тілшісі біздің ғаламшарымыздың басым бөлігін су алып жатыр, сондықтан оны Жер ғаламшары емес, «Мұхит» ғаламшары деп атау керек еді. Жердегі жалпы су мөлшері өте үлкен, 1,4 млрд км, әрбір адамға 200 млн м су келеді, бірақ оның 97,5% тұзды екенін естен шығармау керек, 1,7% мұздықтар мен тұрақты қарлар, 1,7% жер асты сулары, 0,06% өзен, көл, батпақ, атмосферадағы су болып табылады. Тұщы судың үлесіне 2,5% тиеді.



Судың қасиеттері. Тілшіміз судың қасиеттері туралы айтып береді. Судың бірінші қасиеті: су - тірі ағзалардың құрамды бөлігі, екіншіден, құрлыққа қарағанда жылуды су баяу жинайды, соған орай ол жылуды бая береді. Осыған байланысты қыс мезгілінде мұхиттар құрлыққа жылу береді, ал жазда салқын әкеледі, үшіншіден, су ағыны жер бедерін өзгертеді. Олар теңіз және мұхит жағаларын жыралап, өте терең үңгірлер және алып өзен алқаптарын тудырады, төртінші су көптеген заттарды ерітеді.



Ең...Ең...Ең... Журналымыздың фототілшісі гидросфера тарауындағы ең терең көл, ең үлкен мұхит, ең биік сарқырама, ең ірі теңіз-көл, ең ірі өзен бассейні, ең ұзын өзен, ең кіші мұхит туралы сұрақтың әңгімелеп берді. - **Дүние жүзіндегі ең терең көл.** Максимум тереңдігі 1637 м. - **Дүние жүзіндегі ең үлкен мұхит.** Ауданы.179,5 млн км2 - **Ең биік сарқырама, биіктігі 1054 м.** - **Ең ірі теңіз - көл.** Ауданы 371 мың км2, ұзындығы 1200 км, ені 320 км. - **Ең ірі өзен бассейні.** Ауданы 7 млн км2 жуық - **Ең ұзын өзен.** Ұзындығы 6671 км. - **Ең кіші мұхит.** Ауданы 14 млн км2.

Дүниежүзілік су айналымы. Редактор – пән мұғалімі дүниежүзілік су айналымы

туралы оқушыларға толығырақ мәлімет береді. Гидросфераның барлық суы дүниежүзілік айналыммен байланыста болады. Айналым процесінде барлық тоғандардағы су олардың орналасуына қарай түрлі жылдамдықпен үздіксіз жаңарып отырады. Мысалы: Антарктиданың полярлық мұздықтарында – ондаған млн жылда, жерасты суы – 5 мың жылда, мұхиттарда – 3 мың жылда бірте-бірте жаңарады. Ал құрлықтағы өзен суы әрбір 12 күнде, ал тірі ағзалардағы су бірнеше сағатта жаңарып отырады. Адамның өмірінде су ең басты рөл атқарады. Егер адам өз дене массасындағы ылғалдылықтың 6-8 ынан айырылса, есінен танып қалады, егер 10-12 ы жоғалса, жүрегі тоқтап қалады. Су тұрмыста және ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте кеңінен пайдаланылады.

«Менің географиялық зерттеулерім»

Та п с ы р м а: Дүние жүзінің физикалық картасының көмегімен гидросфераның тұтастығын дәлелдендер

Өзінді тексер
1 тапсырма. Географиялық диктант
Гидросфера - ...
Жер шарындағы судың мұхиттар мен теңіздердің үлесіне тиеді.

Мұздықтар мен тұрақты қарларға -, жер асты суларына -, өзен,көл, батпақтағы және атмосферадағы суларға - ... тиесілі.

Су табиғатта 3 күйде кездеседі.
Оқырманнан оралымды ой
«Су тамшыларының саяхаты»
тақырыбына әңгіме құрастыру.


Л.СУЛЕЙМЕНОВА,
Қаратебе
мектеп-гимназиясының мұғалімі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті 2011-2012 оқу жылында Қалмақ мемлекеттік университетімен біріге отырып, екі жоғары оқу орындарының студенттерінің білім дәрежелерін көтеруде арнайы бағдарламаға қол қойған болатын. Осы бағдарлама жүйесімен химия мамандығының 2 курс студенті және информатика мамандығының 4 курс студенті Қалмақ мемлекеттік университетінде білім алып қайттық.

СӘТТІ БАҒДАРЛАМА жалғасын тапты

Кавказдың солтүстік бөлігінде орналасқан Қалмақ Республикасына оқуға барған алғашқы күндеріміз Элиста қаласына саяхаттан басталды. Болаева Кермен Валерьевна деген Қалмақ мемлекеттік университетінің халықаралық қатынас жөніндегі бөлім жетекшісі қаланың City-час, Хурул сияқты керемет жерлерімен таныстырды. Қалмақ мемлекеттік университетінің бір өзінде 8 оқу ғимараты, 9 жатақханасы бар екен. Жатақханаларының барлығы дерлік заманауи, еуро стандартқа сай салынған. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде кредиттік білім алу жүйесіне үйренген біздер, ол жақтағы бұрынғы сызықтық білім алу жүйесімен кездестік. Білім алу бізге айтарлықтай қиындық тудырған жоқ. Университетіміздің берген білімі мен тәлімін ол университетте де айқындап көрсете білдік деп айта аламын.

Еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойын шетелде қарсы аламын деп кім ойлаған. Еліміз атаулы мейрамның 20 жылдық мерейтойын тойлап жатқан кезде, өзім елімнің патриоты ретінде үнсіз қала алмадым. Желтоқсанның 17-сі күні Қалмақ мемлекеттік университетінің ректоры Бадма Хатинович Салаевтың қолдауымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай университетішілік шараны ұйымдастырдық. Ойлаған ойым өз жалғасын нақты жұмыс жасау нәтижесінде жүзеге асты. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей барлығымыз бірігіп ұйымдастырған шарамыз керемет өтті және келген қонақтардың оң бағасын алды. Осы мерекеге өз үлесімізді қосқанымыз үшін өзімізді мақтан тұтамыз. Қалмақ мемлекеттік университетінде тек білім алып қана қоймай, сонымен қатар қоғамдық жұмыстарына белсене араласқаным үшін өте қуаныштымын.



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен Қалмақ мемлекеттік университетінің арасында студенттермен алмасу бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асуына себепші болған М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың жаратылыстану-математикалық факультетінің деканы Айгүл Бақтығалиқызы Медешоваға, химия кафедрасына, соның ішінде кафедра меңгерушісі, х.ғ.д., профессор Дина Кенжебекқызы Мендалиеваға және оқытушы Қапанова Гүлмира Ғайсақызына үлкен алғысымды білдіремін. Арманым Қазақстан Республикасының адал азаматы болу және елімнің қарыштап дамуында ғылыми тың жаңалықтар енгізу. Болашақта өзімді Отанымның мақтан тұтар ғылыми қызметкері ретінде көремін. «Қазақ химиясының» қарыштап дамуына өзімнің өзіндік үлесімді қосқым келеді.

Айбар МҰРЗАБЕКОВ,
химия мамандығының 2 курс студенті



Р
К
Е
Н

■ К 80-летию юбилею ЗКГУ им. М.Утемисова

За 80 лет существования нашего университета он не раз менял свое название. И лишь одно оставалось неизменной – высокая планка знаний, которую получали его выпускники. Именно они являются главной гордостью старейшего в стране учебного заведения, воспитавшего ученых, общественных и политических деятелей, бизнесменов и, конечно же, учителей, сеющих «разумное, доброе, вечное»!

Представляем вашему вниманию истории и воспоминания тех, кто гордо носит имя выпускника нашего славного вуза.

Бесценное наследие вуза

Шалкыма Хайруллаевна КУРМАНАЛИНА:

«Педагогика – великая наука...»

Директор педагогического колледжа им. Х.Досмухамедова, доктор педагогических наук, профессор Шалкыма Хайруллаевна Курманалина является выпускницей нашего вуза, который в далеком 1970 году назывался Уральским педагогическим институтом им. А.С.Пушкина. Ее жизнь, карьера стали доказательством того, что педагоги не становятся, а рождаются.

ИСТОРИЧЕСКАЯ СПРАВКА

Председатель Республиканского учебно-методического объединения по профилю «Образование» при педагогическом колледже. Автор учебников и учебных пособий. Талантливый менеджер. Член ОО ЗКО «Союз женщин Приуралья Умт-Надежда», Союза деловых женщин Республики Казахстан, депутат городского маслихата, председатель Совета директоров технического и профессионального образования Западно-Казахстанской области, член Политсоветов областного и городского филиалов НДП «Нур Отан», делегат 1,2,3 съездов работников образования Республики Казахстан, председатель общественного объединения «Ажар» при колледже. «Отличник образования РК» (1992), Заслуженный работник РК (1998), награждена медалями «10 лет Конституции Республики Казахстан» (2001 г.), «10 лет Парламенту Республики Казахстан» (2006 г.), им.Ибрая Алтынсарина (2006г), нагрудным знаком НДП «Нур Отан» «Белсенді қызмет үшін» (2011г). Замужем, имеет 4 детей и 6 внуков.

В ауле на маленьком разъезде Актюбинской области детей было немного. Малокомплектная начальная школа в одном кабинете без труда вмещала учеников с 1 по 4 класс. Маленькой Шалкыме очень хотелось к ним, школьникам, ведь скучно, когда все взрослые заняты. Старшая в семье, она была сильно привязана к бабушке и любовь к ней, уважение, следование ее заветам она сохранила и по сей день.

- Бабушку мою, которую я по казахской традиции называла аже, в нашем ауле за глаза называли «майор-кемпир». Властная, строгая, мудрая, она воспитывала не только меня и шестерых младших братьев и сестер, но и держала в своих руках весь наш аул, тем более что все жители каким-то образом являлись друг другу родней. За советом приходили к ней, если случалась беда, бабушка была рядом. В чьем-то доме не хватало продуктов, бабушка подсказывала более зажиточным

семьям, что не грех поделиться. А то и сама отправляла с ведром картошки или мерой муки к зазевавшимся соседям. Так и жили большой семьей.

Но пятилетней Шалкыме очень хотелось учиться. Самостоятельно, по газетам, особенно запомнился «Гудок», выучила буквы, пересчитала в доме все предметы. «Не уgomонится, - решила бабушка, - попробую пристроить ее в школу». Но не тут-то было. Строгий Мухамбетжан-агай, единственный учитель малокомплектной школы, никак не соглашался взять в класс малышку – не положено, ведь даже шести еще нет! Но умела «майор-кемпир» найти подход к людям. «Пусть посидит с другими за партой, - просила бабушка за любимую внучку. - Если не будет успевать, смело отправляй домой!» Видимо знала еще тогда, что такой ученицей учитель еще гордиться будет.

- Своими вторыми мамой и папой я считаю сестру отца и ее мужа. Они



работали учителями средней школы в поселке Шубаркудук, куда я поехала жить и учиться в третий класс. Своих детей у них не было, поэтому всю свою любовь они отдавали мне, - вспоминает Шалкыма Хайруллаевна. – В школе активная была, увлекалась спортом, пела. Училась отлично. Особенно любила математику. Вот только родные подтрунивали: тетя с дядей учителя, вот, мол, и ставят пятерки. Тогда в 10-ом классе решила – поступлю в Актюбинскую школу-интернат для одаренных детей. Чтобы никто не думал, будто мои пятерки «по блату».

Выпускной одиннадцатый класс в школе-интернате был для строгой, степенной Шалкымы решающим. Пока другие девчонки наряжались и бегали на первые свидания, она целыми днями проводила за учебниками. Ох, как сияли победно ее глаза, когда привезла в родной аул бесспорное доказательство своих знаний - серебряную медаль.

- Как правильно было введение ЕНТ. Двойной стресс, испытанный мной на выпускном экзамене в школе и при поступлении в институт не могу забыть и поныне,

- признается именитый педагог.

Детская мечта стать учителем и любовь к математике боролись в душе выпускницы. На этот раз математика пересилила. Тем более в Казахском политехническом институте на факультете «Автоматика и телемеханика» открылась интереснейшая специальность «Математические счетно-решающие приборы». Аульской девушке, 11 лет проучившейся на казахском языке, было непросто овладеть знаниями в новой области на русском языке. Но Шалкыма уже знала, что усидчивость и самоконтроль помогут быть в ряду первых студентов.

Воспитанную бабушкой в добрых казахских традициях, окутанную любовью двух мам и пап, бесконечно уважаемую младшими сестрами и братьями, серьезную, целеустремленную не могли не заметить парни. На третьем курсе Шалкыма вышла замуж и переехала в Уральск, куда был переведен муж. Она переводится в Уральский педагогический институт и, сдав разницу, становится студенткой очного (!) отделения ОТД по специальности «Физика и труд».

Хоть и не одобрила бабушка раннее замужество, но в своей любимице была уверена. Ведь не она ли своими руками изготовила еще восьмилетней внучке красивое шелковое одеяло и текемет с ее именем для приданого? Не она ли учила мастерству ведения хозяйства, внушая, что не та хозяйка хороша, что в роскоши живет, а та, что может и в малом мастерицей быть, и малое это приумножить.

- Так сошлись две мечты – педагогика и математика. Начинала свою трудовую карьеру с дипломом Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина лаборантом в педучилище. Потом пошли преподавательские нагрузки. Жалею лишь об одном – что пришла в науку поздно, уже опытным практиком. Ведь педагогика – это великая наука. Но для меня всегда было важно и карьера мужа, и дети, а теперь и внуки.

Қарапайымдылығымен, ер азаматқа төн адамгершілік болмысымен жанына шуақ шашып жүретін Балмолдин Мұнайдар ағаны білмейтін кісі кем шығар. Өйткені ол кісі «Көк Бөрі», «Ақ Тұлпар» туындыларының авторы, өзіміздің жергілікті Қазақстан-Орал телеарнасы арқылы берілетін «Атамұра», «Алтын бесік» атты бағдарламаларымен де көпшілікке жақсы таныс. Мұнайдар Балмолдин - білім ордасының 1993 жылғы түлегі, тележурналист, ақын, бірнеше қалалық, республикалық деңгейде өтіп жүрген жыр-мұшайраларының жеңімпазы.

Ағаға жас оқырмандарды студенттік өмір жолыңызбен таныстырсақ деп хабарласқанымызда, ағалық ниетімен жылы шырай танытып, өзі білім алған қара шаңырағы, дөріс берген ұстаздары жайында әдемі сыр шертуге қуана келісті.

Мұнайдар Балмолдин:

«БҚМУ-дан алған білімім еш кеткен жоқ»

- Мұнайдар аға, туған жеріңіз, өскен ортаңыз, өмір жолыңызбен таныссақ?

- 1969 жылдың 14 қаңтарында Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылында (Жаңаталап деп те атайды) дүниеге келдім. Балалығым, жеткіншек және жасөспірім шағым осы туған ауылымда өтті. Д.Нұрпейісова атындағы он жылдық орта мектепте 1975-1985 жылдар аралығында оқыдым. Мені ата-анам мектепке алты жасымнан беріпті, сондықтан 1968 жылғылармен оқыдым. Ауыл мектебін бітірген жылы арман қуып Алматыға талпындым, бірақ оқудан жолым болмады. Мен ҚазГУ-дің журналистика факультетін көздегем, содан бір жыл әр түрлі жұмыстар істей тұруға тура келді. Қой бақтым, құрылыста істедім, шөп шабушыларға жәрдемдестім, келесі оқуға түсу, яғни 1986 жылға шейін қара жұмысқа жегіліп, бала санам өзгеше өмір мектебін көрді. Айтпақшы, әлі есімде әйгілі 1986 жылғы оқиға боларда ауылда едім, әкеме: «Оқуға түсіп кеткенім де ғой, мен де сол жастармен бірге болар едім!» дегенімде,

әкем үндемеді, бірақ сол үнсіздіктің өзі менің бойыма күш құйғандай, намысымды қайрағандай әсерін қалдырды. Әкем Мұқамбетжан Әлімұлы (2001ж.) дүниесалды. Өте қайратты, ақыл-парасатты адам еді. Ұлтымыздың «Қыз Жібек», «Дариға», «Нарқыз» сынды хиссалары мен көненің өлең-жырларын жатқа соғатын. Содан бір жыл еңбекпен шыңдалып, 1986 жылы қазіргі Махамбет атындағы БҚМУ-дың (ол кезде АС.Пушкин атындағы пед. институт) көркем-сурет және графика факультетіне қиналмай қабылдандым. Қиналмай дейтінім, біздің үй-ішіміздегі ұл баланың бәрі суретке бейімді келеді, әкемнің өзі қолы шебер кісі болатын. Екі ағам Еркін мен Сайран да - көркем-сурет және графика факультетін бітірген мамандар. Мен сол оқуды таңдаған үшінші баламын. Көркем-сурет және графика бөлімінің деканы марқұм Төлебай Әбілов ағаның: «Бұл факультет Балмолдиндерге атадан мирасқа қалып па, басқасын таңдамадың ба?» деп әзіл-шыны аралас айтқаны

жадымда. Мен тарихшы да болғым келген. Себебі ең сүйіп оқитын пәнім тарих болатын. Адам жас уақытта кім болғысы келмейді, әр тарапқа алаңдап, ақыры бұйырғанына түсіп, аталған оқу орнын 1993 жылы тәмамдап шықтым. Бес жылдық оқудың бірінші курсын бітірген жылы 1987-де әскерге шақырылып, екі жылым Кеңес Одағының қарулы күштері қатарындағы қызметке арналды. Әскерден босағасын оқуды ойдағыдай аяқтап, алдымен облыстық радиоға, кейін облыстық теледидарға тілші болып орналастым. Көркем-сурет және графика факультетінде оқыған кезде талай білікті ұстаздардан дәріс алдық. Қайсыбірін атайын. Мен үшін деканымыз Т.Әбіловтен бастап И.Өтегенов, Х.Хабдоллаев, С.Құлбеков, А.Сейтмұмов, Қ.Оразғалиев және басқа да ұстаздардың берген дәрісі айрықша болды. Сызу мен сурет өнерінің қыр-сырына қанығып, өнер туралы түсінігіміз әлшеусіз өсті. Сондай-ақ арнайы пәндер саналмағанмен қосымша пәндер: философия, саясаттану, педагогикадан сабақ берген оқытушыларға құрметім зор. Мәселен, Б.Шынтемірова, Ш.Мұсағалиев, Б.Молдағалиев, Т.Қайырғалиев сынды ұстаздар бізге адам болудың жолын өз пәндері арқылы үйретсе, сол кезде институтта «Жұбан оқулары» өтіп жататын. Ғимаратымыз шетте болса да содан қалмауға тырысатынымын, себебі профессор Серікқали Шарабасов ағам поэзияға жаны құмарларды көз қырына бір ілсе жерге тастамайтын. М.Тілеужанов, М.Жолдықайыровадай үлкендердің де ақылын тыңдап, оқу орнының қазанында бірге қайнап, мейлінше жан-жақты, сергек болдық. Тарих, әдебиет, сурет дейтін құдірет мені үш тарапқа тартып, соның ортасында СТУДЕНТ деген әйгілі атақпен дуылдап тұрып өмір сүрдік. Аттарын



атағаным, аталмай қалғандарының өзі бізге баладай қарамайтын, тең тілдесіп, дос болатын. Өйтеуір өзім сол кезгі сәттерді бүгін солай сезінемін. Бір ғана мысал, наурыз мейрамы біздің облысқа жаңа еніп жатқан тұс, 1989-90 жылдар. Сонда Пугачевтағы оқу орнында, худ-графта болудың орнына бірер сабақты қалдырып, алаңда наурыз тойлап жүреміз. Оны құзыретті деканымыз Әбілов біліп қояды. Оқудан шығартам деп айқайлайды, бірақ шығармайды. Сондай-ақ 1991 жылы орыс-казактарының жат пиғылды ұйымдары үй ішінен үй тіпкекке, патшаға қызметтерінің 400 жылдығын шулатып атап өтпекке тырысты, саяси ахуал оттан шыққан құрыштай күйіп-ақ

(Жалғасы 11-бетте)

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

10

тұрды. Біз бас бұғып қала алмадық. Тағы да алаңнан табылдық. Соның ішінде студенттерді ұйымдастырып, алып кете беретін мен сияқтылардың оқу процесіне қиянаты тисе тигендей-ақ, бірақ парасатты басшы, ректор Тұяқбай Зейітұлы «оқудан қуамын» дегендей сес көрсетпеді, қайта оңаша тұста: «Батыр, қалайсың?» деп, болған іске, оқиғаның тереңіне бойлай түсініп, ұстазға, ғалымға тән мінез таныта білді. Біз оқудан шығарса оған да бақилы болған, яғни Махамбет бабам айтпақшы: «Әділ жаннан түңіліп...» дегендей тәуелсіздік үшін жан қиюға баратындай лапылдап жанып жүрдік. Студенттер қауымы саяси сауатты, күшті, қаладағы, елдегі болып жатқан көп жайттың шешімі өздеріне байланысты екенін мейлінше сезінді. Студенттік шақтың өміріме өзгеріс, «төңкеріс» әкелген тұсы сол 1991 жылдың күзі, қыркүйек, қазан айлары дер едім. Содан да болар мен мұғалімдікті емес, мұқым елге қызмет ететін журналистиканы таңдадым. Бір себептен балалық арман ақыры өз шыңына туын тікті. Көркем-сурет графика факультетінің дипломы журналистикаға да жарайды екен. Әзіл ғой. Әйтсе де мұнда шындық бар. Менің мұғалім болмай, журналист болуым - маңдайыма жазылған тағдыр шығар. Журналист - күрескер, шындық үшін, әділдік үшін жанын салып, шыр-пыр болып жүргені. Ата тарихтан қозғап біраз хабарлар жасап, тарихи деректі фильмдер түсіріуім осы - журналистік мамандығымның нәтижесі. Мұнда ел баласына сөз арнап, аздап ұстаздықтың да рөлін ойнайсың, сондықтан БҚМУ-дан алған білімім еш кеткен жоқ, қайта осы жолға салды деп зор мақтанышпен айта аламын. Журналист болу үшін - өмір мектебінен өтуің, азды-көпті көруің керек-ау деп ойлаймын.

- Поэзияға қалай келдіңіз?

- Поэзияға деген іңкәр сезімімді оятқан әрине, анамның әлді мен әкемнің ұзақ-сонар жыр-дастандары, кейін мектептегі мұғалімдердің ықпалы болды. Мен өзімді анау айтқандай ақын санамаймын, мен үшін өлең - Рух тілі, қару, ғаламмен, адамдармен қарым-қатынастың үлгілі құралы, жан сарайымның падишасы. Сондықтанда екі жинағымды шығардым. «Көк Бөрі» мен «Ақ Тұлпар». Екеуінің де тұсаукесерін өзімді біліммен қаруландырған ұлы білім шаңырағы Махамбет атындағы БҚМУ-да жасадық. Шығармашылығымдағы жетістікті өзім оқыған университетпен бөлісу маған парыз көрінді.

- Емтихан кезеңі қалай өтетін еді, бірге оқыған группаластарыңызбен араласып тұрасыз ба?

- Емтихан тапсыру мәселесіне келсек, жаппай дайындаламыз. Онда бүгінгідей тест деген пәле жоқ, пәнді бастан-аяқ оқисың, кәдімгідей шын дайындаласың. Билет суырып, жауап бересің. Курстық жұмыстар, зачет деген аралық сындарда көп пәннен «автомат» алатын едім, яғни ұстаз сені жақсы білгендіктен жинамай, тиісті бағанды қойып, тез жіберетін. Мәселен, Б. Шынтемірова, Б. Молдағалиев аға-апайлардың сабағынан сондай төтенше жетістікке ие болғаным бар. Бірге оқығандос-құрбылардың барлығымен болмағанмен бірқатарымен әлі жақсы араласамын. Және ғаламтордың мүмкіндігін пайдаланып, агентпен, пошта арқылы хат-хабар алысып, жаңалықтарымызды бөлісеміз. Жақсылық бөліскенде көбейсе, жамандық бөліскенде азаяды ғой, өмірдегі жеткен жетістігімізді, басқасын айтып, бір-бірімізге сөзбен-ақ қолдау жасап жатамыз. Қазір олар жан-жақта. Бірі Мәскеуде, бірі Алматыда, Астанада, Атырау мен Ақтөбе және Ақтауда... Ауылда қаншасы бар. Көрмегелі көп болды, бәрін сағынасың.

-Сіздің студенттік кездегі жастардың бойында отанды сүю, ұлтты сүю деген қасиеттер қандай еді? Қазіргі жастарға не айтасыз?

- Отанды сүю сезімі сол кездің студенттерінің бойында мықты болатын. Ер балалардың дені әскер көргендер болса, қыздар ибалы, үлкенді сыйлайтын, «Қызға қырық үйден тыйым» дегеннің не екенін біліп өскен бойжеткендер болып келетін. «Студент көктемі» болмаса факультет аралық кештерде жастар бір-бірін сыйлап, бұзақылыққа ұрынбайтын. Қазіргі оқып жатқан студент жастарға ағалық айтар кеңесім - сөзі бір бөлек, өзі бір бөлек болудан сақ болса деймін. Сөз - істің басы! Екісөзділік адамға жараспайды. Әсіресе, ер азаматтарға! Сондықтан білімді мейлінше сіңіріп, ұстаздар қауымын сыйлап, түсіністікпен білім алған жылдарыңның әр күнін гүлге бөлендер, ертең өздеріңіз адам, маман болғанда өкінбейсіз. Өмірдегі байлық - дос жинау. Қазіргі сіздерге берілген мүмкіндіктің бір түйіні айналадағы адамдардың жақсы қасиетінен өзіне нұр жұқтырып, жатынан жирену, әрі көп дос таба білу. Ертең қай салада жүрмеңіз бір-біріңмен жолдарыңыз түйісетін, ұшырасатын сәттер міндетті түрде болады. Сонда бір-біріңе тура қарай алатын боласыздар. Бірақ мұның астарында тамыр-таныстық, сыбайластық деген бәлелер болмауға тиіс, мұнда таза достық, сыйластық қана болуы тиіс. Мен бір өлеңімде: «Жас болу деген - ақындар жазған текті өлең! Бас тігіп «дот-қа», Батыр ол оққа беттеген. Қолда бар кезде бағасы арзан алтындай, Қымбатқа кейде

өтпеген. Жас болу деген - Күй екен күмбір шертпеген, Ән екен асқақ, би екен сұлу бітпеген. Жас болу деген жабығып, жалғыз жүргенде, Көктем боп келер махаббат екен күтпеген...» деппін, «Мен жастарға сенемін!» деп ұлы Мағжан айтқандай, мен де бүгінгі студент жастарға нық сенемін. Олардың адам, азамат, елімізге керек маман боларына сенемін және тілектеспін. Ұстаз-ғалымдар қауымына әрдайым мың-мың алғыс арқалаған жан-жүрегім бар. Олар - жанын нұр-шуаққа көмген, өзгенің баласына сәуле шашқан айрықша жандар, ізгі адамдар. Алдарына жәудір көз шәкірт болып келген баладан болашақ маман шығару - орасан тер төгу, іздену, аса жауапты да қиын қызмет. Осынау істе атқарып жатқан еңбектеріне адалдық, тазалық, шәкірт пен ұстаз арасындағы құрмет пен пайым-парасат, үлгі-өнеге өлшемі қарамен, парамен ластанбауын шын жүрегіммен тілеймін. Себебі 80 жылдық тарихы тұтасқан байырғы білім шаңырағының Қазақстан бойынша және алыс-жақын мемлекеттер назарында абырой-беделге ие екені мәлім. Сол абырой-атаққа дақ түспесін. Өйткені Қазақтың ұлы батыры, ақыны, жырау, күйшісі Махамбет атын иеленген қасиетті орын әрқашан тек биіктен көрінуі тиіс. Соған міндетті. Білімдегі біртұтас істеріңізге қыранның шырқауын тілеймін!

- Өңгімеңізге рахмет. Шығармашылық жолдағы қаламыңыз мұқалмасын. Еліңіздің ілтипатына бөленіп, еңбегіңіздің жемісін көріңіз деген ақ тілегімізді жолдаймыз.

Подготовили
Марта ДЖУМАГАЛИЕВА и Гулсая ШЫНТЕМИРОВА

2012 жылдың 6 наурызы күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мейрамына орай білім ордамыздағы аяулы да ардақты ұстаздар қауымы мен қызметкерлерге және асыл жанды аруларға арнап университетіміздегі ерлер ұжымы мен студенттер қауымының ұйымдастыруымен «Сен үшін...» атты мерекелік концертті өткізілді.

Сен үшін...

Әйел – барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын күш, тірліктің қайнар бұлағы. Ол адамзат мекен еткен жер шарының әр түкпірінде, әр үйде мейірім мен мерейдің, достық пен туыстықтың туын тіккен адам екені сөзсіз. Ару, Ана бүкіл әлемнің әдемілігі, бар тіршіліктің мәні. Сондықтан да осы екі ұғыммен өзектесіп, астасып жатады. Адалдық, арлылық, асқақтық атты қасиеттермен пара-пар осы бір жаратылыс иелеріне бүкіл әлем қарыздар. Мерекеге орай оздырылған концертте университет ректоры, академик Иманғалиев Асхат Сәлімұлы құттықтау сөз сөйлеп, аналарымыз бен ұстаздар қауымына, барша аруларға ыстық лебізін жолдады. Әдемі тілектің соңы Ғ.Қайырбековтың сөзіне жазылған Ш.Қалдаяқовтің «Ана туралы жыр» әнімен өз жалғасын тапты. Жүректі жарып шыққан бар ізгі тілектер өмірдегі ең қымбатты да ардақты жан – ұстаз аналарға арналатыны

ақиқат. Адамзат баласын өмірге әкеліп, ақ сүт беріп, аялап өсірген аналарға, бар білгенін шәкіртіне үйретуден жалықпайтын ұстаз-әйелдер қауымына, жылағанда жұбатып, қиналғанда жанға демеу болатын сырлас құрбы-аруларға арналған «Сен үшін...» мерекелік концертті университет жанындағы «Серпін» жастар театрының композициялық қойылымдарымен, университетіміздегі ерлер ұжымы мен студенттер қауымының өнерлерімен көркемделіп, кеш шырайын келтірді. Аталған концертте университетіміздегі бірқатар оқытушылар мен қызметкерлер қауымы университет ректоратының тарапынан марапатталды. Ару-аналарға концертті мәдени-демалыс жұмысының жетекшісі М.Сүлейменов, тарих және құқық факультетінің деканы С.Ғиззатов, БҚМУ колледжінің оқытушысы Е.Қадыров жүргізді. Концерт барысында оқытушы Қ.Қисметов әннен шашу шашса,



М.Попов классикалық туынды орындап, жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Университет профессоры С.Шарабасов, педагогика ғылымдарының докторы А.Қыдыршаев, тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі М.Исатаев, мәдени-демалыс жұмысы мамандығының 3-курс студенті А.Сатыбалдиевтер орындаған қыз, әйел, ана тақырыбындағы

«Сен үшін...» поэзиялық композициясы университет оқытушысы, республикалық, халықаралық ән байқауларының лауреаты Қ.Л.Қисметов және бүкілресейлік «На Николаевской» фестивалінің I орын иегері «Қорған» тобының орындауындағы Е.Серікбаевтың «Сен үшін» әнімен аяқталды.

Өз тілшіміз

М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми кітапханасы университеттің 80 жылдық мерейтойына орай «Университет інжу-маржаны – ғылыми кітапхана» атты кездесу кешін ұйымдастырды. Аталмыш тарихи мәні бар кездесу кешіне еңбек жолын университет кітапханасына арнаған кітапханашы мамандар, бүгінде еңбек ардагерлері, өз еңбектерінің жемісін көріп отырған зейнеткерлер шақырылды.

Университет інжу-маржаны – ғылыми кітапхана

Олар: Сұлтанова Фаруза Ниятқызы, Яковенко Юлия Ивановна, Кисекова Сәуле Сапықызы, Герасимова Елена Георгиевна, Кененова Мәдина Жұмағалиқызы, Бурекешева Гүлжан Төлегенқызы, Абуханова Светлана Ғабдрахимқызы. Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесі қарсаңында жиналған зейнеткер кітапханашылардың қуаныштарында шек болмады.

Кешті университет I проректоры Ә.С.Тасмағамбетов ашты. Ақ жол, ақ тілек айтып, баға жетпес мұраларды сақтай отырып, университеттің барлық қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, қиын-қыстау кезеңінде де кітапхананы сақтап, оқырмандарға



қызмет көрсетудегі елеулі еңбектерінің ешқашанда ұмытылмайтындығын жеткізіп, денсаулық, отбасы бақытын тілеп, келе жатырған наурыз мерекесімен ректорат атынан құттықтады.

Сөз орайы келгенде зейнет-


кер кітапханашылар университет кітапханасының тарихына тоқталып, қызмет еткен жылдарында атқарған қызметтері туралы баяндап берді. Бірге қызмет атқарған кітапханашы мамандарды да еске түсіріп, айтулы оқиғалардан

естеліктер айтты. Сондай-ақ зейнеткерлер ғылыми кітапхана ұжымына осындай кездесу кешін ұйымдастырып, зейнеткерлерді ұмытпай шақырып, жақсы, игі іс атқарғандарына шексіз алғыстарын білдіріп, шығармашылық табыстар тіледі. Ал, жас кітапханашы мамандарға өз мамандықтарын шексіз сүйіп, еліне адал қызмет етулеріне тілектестік білдіріп, ақ баталарын берді.

Зейнеткер кітапханашылардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер фотосуреттермен өрнектеліп, слайд түрінде ұсынылды. Кітапхана директоры Т.Е.Алимбекерова сөз алып, үлкен ордада қызмет етіп, бар ғұмырын кітапханаға арнаған асыл жандарға үлкен алғыс білдіріп, университет 80 жылдығы қарсаңында өткізіліп отырған шараның бастамасы екендігін айта өтіп, зейнеткер кітапханашыларға зор денсаулық, ашық аспан, отбасы бақыты мен берекесін тіледі. Үлгілі іс-шаралар, кездесу кештері жалғасын табады деп сенім білдірді.

Кеш соңында естелік суретке түсіп, зейнеткерлерге мерекелік дастархан жайылды және естелік ретінде тосын сыйлықтар ұсынылды.

Ғылыми кітапхана






Б
К
М
У

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

12

Әр ғылымның түр шарты – ақпарат

Ақмолла



№2, наурыз 2012 жыл

Тарих және құқық факультетінің жаршысы

■ Оқу орнының 80 жылдығына орай

Б.Қ.М.У. - ijİİññ İjUñL.hñ İ ij

Ақжайық өңірінің рухани ырысы атанған Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – талай атақты ғұламаларды білім нәрімен сусындатқан ғылыми орталық және еліміздегі көне оқу орындарының бірі. Оның іргетасы 1932 жылы қаланып, халық арасындағы сауатсыздықты жою үшін білімді ұстаздар дайындау бағытында құрылған. Сол жылдан бастау алған білім ордасы жылдар өткен сайын жаңарып, өркендеп, күннен-күнге кемелдену үстінде. Қазіргі уақытта болашақ даму бағыты белгіленіп, мақсаты айқындалған университеттің өзіндік мол тарихы бар екені айқын, жеткен жетістіктері де жетерлік. Жоғары оқу орнының көне тарихи беттеріне үңілсек, білім беру жұмыстарын жан-жақты дамытуға аянбай үлес қосқан аға буын өкілдерінің қажырлы еңбектеріне бүгінгі ұрпақ, студенттер қауымы дән риза.

Болашаққа қол сермеген жас жеткіншектерге қажырлы істерімен үлгі болар университеттің әр

жылдағы түлектері – жастар үшін зор мақтаныш, үлгі-өнеге.

БҚМУ – ғылыми білім беру жағынан іргелес елдер арасындағы ғана емес, сонымен бірге Азия, Еуропа, АҚШ-қа кең танымал. Біздің университетімізде білім берудің интерактивтік әдіс-тәсілдері мен жаңа педагогикалық технологиялары енгізілген. Оқу ордасының материалдық-техникалық базасы бүгінгі заманға лайық соңғы үлгідегі жабдықтармен жабдықталып, білім көрсеткіші жаңа ақпараттық технология негізінде бағалануда.

Университет ұжымы келешекте де өзіндік дәстүрін жалғастыра, дамыта отырып, студенттер қауымымен бірге болашаққа сенімді нық қадам жасай бермек.

Құқықтану бөлімінің студенті ретінде киелі қара шаңырақта білім алып жатқанымға өте қуаныштымын және студенттік күндерім осы білім ордасының қабырғасында өтіп жатқанына дән ризамын. Жоғары оқу орнының тәжірибелі ұстаздарының арқасында заңгерлікке қатысты ілім-біліммен сусындап, құқық қорғау саласын жан-жақты, жетік игерген, заңдылықтарды және құқықтық мәдениетті толық меңгерген маман болып шығатынымға сөзсіз сенімдімін.

Ербол ҚУАНЫШЕВ,
құқықтану мамандығының студенті

Біз сіздерге көктем сыйлаймыз!

Ерте заманнан ата-бабаларымыз әйел затын қастерлеп, қыз баланы жоғары дөріптеген. Сол дәстүр бүгінгі күні де жалғасын тауып келе жатқанын тарих және құқық факультетінің сері жігіттері дәлелдеп берді.



Олай дейтініміз, 7-наурыз күні факультетімізде көктемнің алғашқы мерекесі - арулар күніне арналған шағын концерт ұйымдастырылды. Әдемі безендірілген акт залы жанға жайлы ортаны қалыптастырса, сазды

әуен көтеріңкі көңіл-күйге бөледі. Өз кезегінде факультет деканы Ғиззатов Саялбек Махамбетұлы құттықтау сөз сөйлеп, ізгі лебізін білдірді. Кештің құрметті қонақтары, университетіміздің бірінші проректоры Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы факультет ұжымын 8 наурыз мерекесімен құттықтап, шығармашылық табыс, оқуда сәттілік тіледі.

Көрермендер көңіліне қуаныш сезімін ұялатқан бұл мерекелік шара барысында ана, махаббат, көктем тақырыбында әндер шықалды. Өз өнерлерін ортаға салып, әйел затына, анаға, апа-қарындасқа деген сүйіспеншілік сезімді сөзбен емес, әнмен тербеді. Кештің ең қызықты және күтпеген сәті бұл – өнертапқыш студенттеріміздің ұйымдастыруымен жасалған слайд еді. Слайд факультетіміздің оқытушыларының балалық, жасөспірім, жастық шағындағы фотосуреттерімен жасақталған. Мұндай тосын сый оқытушыларды ерекше көңіл-күйге бөледі. Шара барысында факультетіміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген студенттерге алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар, мерекелік кешті тамашалауға келген барша нәзік жанды мейрам иелеріне гүл шоқтары тарту етілді. Барша қауымның көңілінен шыққан мерекелік кештен әдемі әсер алған оқытушыларымыз ұйымдастырушыларға риза көңілмен алғыстарын білдірді.

Айнұра ИХСАНОВА,
тарих мамандығының студенті



Еріктілер ұйымының игілікті істері

Өзгеріске толы алмағайып дүниеде ғылым, өнер, спорт салаларынан өзге қоғамға өзіндік үлесін тигізетін ұйымдардың бар екені рас. Өмірде көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын беруге жүрегінде иманы бар әрбір жанның талпынатыны сөзсіз. Елімізде моральдық-материалдық қолдауға дайын тұратын ұйымдардың жұмыс жасап, түрлі қайырымдылық акциялардың ұйымдастырылуы, телебағдарламалардың жүргізілуі қазақ халқының қанына сіңген ұлттық қасиеттердің бір көрінісі іспеттес.

Өңіріміздегі 80 жылдық тарихы бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті де қайырымдылық жасап, мейірімділік таныту секілді істерден тыс қалмауда. 2012 жыл 14 ақпанда тәрбие жұмысы бөлімінің психологы Жақсығалиева Альфия Сырымқожақызының бастамасымен құрылған еріктілер ұйымының жасаған іс-шаралары соның дәлелі болмақ. Қазіргі таңда бұл ұйымның құрамында 30-дан астам студент бар.

Ақпан айының 29-шы жұлдызында «Балалар ауылына» барып, балалар үшін өткізілген психологиялық тренинг, халықаралық әйелдер күніне орай 5 наурыз күні қарттар үйінде өткізілген «Бәрі де сіздер үшін» атты мерекелік концерт көрермендердің көңіліне қуаныш сыйлағаны сөзсіз.

15 наурызда «Балалар ауылының» оқушылары М.Өтемісов атындағы университеттің 80 жылдық тарихымен

таныстыру, университет пен мектептің арасындағы байланысты нығайту, сабақтастықты жақсарту, оқушыларға кәсіби бағдар беру, біздің университетке деген оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында университетке келген болатын. Бұл шарада да еріктілер ұйымы өз белсенділіктерін танытты.

Наурыздың 25-і күні еріктілер ұйымының мүшелері қариялармен қайта қауышып, «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік концерт қойды.

Осындай игілікті істермен ұйым мүшелері шектеліп қалмайтынына сенім білдіре отырып, олардың жұмыстарына тек қана табыс, сәттіліктер тілеймін!

Мейірімгүл КЕМАЛ,
құқық және экономика негіздері мамандығының студенті

Құт-берекелі

Наурыз мейрамы!

Наурыз мейрамы – қазақ халқының ерте заманнан салтанатты түрде тойлап келе жатқан төл мерекесі. Ұлттық нақышымыздың идеалы болған Наурыз – молшылық, теңдік, береке, бірлік және қайта жанданудың нышаны. Бұл мерекені ата-бабаларымыз ерекше қадір тұтқан. Наурыз мейрамына орай мерекелік дастархан жайылып, арнайы ұлттық тағамдар дайындалады. Бұл күні кәрі-жас мерекелік әдемі киімдерін киіп, тойлауға шығады. Мың бұралған бишілер, өнертапқыш айтыскер ақындар өз өнерлерін ортаға салады. «Бәйге», «Теңге алу», «Көкпар», «Қыз қуу» сынды ұлттық ойындары ойнатылып, қазақтың тайсалмас жігіттері күш сынасады. Ата-салтымыздың ерекшеліктерін сақтап қалғанымыздың бір нышаны – әр жыл сайын өңірімізде Ұлыстың ұлы күнін барша салтанатпен қарсы алуымыз.

Осындай мерекелік шара тарих және құқық факультетінде де жалғасын тапты. Мерекелік кеш керемет қазақы нақышта безендірілген №3 оқу ғимаратының акт залында ұйымдастырылды. Бұл күні акт залы қазақы болмысымыздың бір көрінісіндей болды. Әдемі оюлы киіз үй, Наурыз көже мен ұлттық тағамға толы дастархан, ұлттық киім киген студент қыздар мен жігіттер кештің шырайын келтірді. Аталып өтілген бұл үлкен шараға студенттер белсене қатысып, қазақтың ұлттық ойындарын нақыштап, салт-дәстүрді дәріптейтін көріністер қойған болатын. Ол тек мейрамға орай ғана емес, сонымен қатар жастардың қазақы салт-дәстүрлерді ұмытпау мақсатында қойылған көріністер болатын. Соның ішінде қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі - «Бастаңғы» сахналанды.

Көктемнің шақарында тойланатын
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Күн мен түн теңелетін өз-наурызда
Жадырап көңіліміз нұрға толсын!

Бұл күні ақ тілектер қабыл болып,
Періштеміз баршамызға саулық берсін!
Жыл басы болып табылатын бұл мереке
Бәрімізге құт-береке алып келсін!

- дей отыра, құрметті оқырмандар, тіршіліктің тынысы, жер жаһанның ырысы - Ұлыстың ұлы күні құтты болып, барлық жақсылықтарды бойына жиған жаңа жылда сіздердің дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз.

Айнұра ИХСАНОВА, тарих мамандығы,
Абылхан МЕДЕНОВ, құқықтану мамандығы



■ Біздің мақтанышымыз

Армат - СПОРТШЫ

Трумов Армат Болатұлы - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих және құқық факультетінің құқықтану мамандығының 1 курс студенті. Ақсай қаласының тумасы Армат мектеп қабырғасынан бастап-ақ армрестлингпен айналысқан. Осы спорт түрін өзі білім алып жатқан жоғары оқу орнында да жалғастыруда. Қазіргі таңдағы университеттегі жаттықтырушысы Шандозтегі Асхат Тұрланұлының есімін мақтанышпен айта отырып, мақтан тұтар ұстаздарым мен аянбай еңбек етуімнің арқасында қол жеткізген жетістіктерім – сәулелі болашақтың бастамасы іспеттес, әрі сайыстарға қатысқан сайын өз-өзіме деген сенімділік пен күш-жігер, ынта пайда бола түседі.

- дейді кейіпкер өз ойымен бөлісіп. Трумов Армат ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ұйымдастырылған Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да 1 курс студенттері арасында өткен жарыста I орынға, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған армрестлингтен қалалық біріншілікте 65 кг салмақ дәрежесі бойынша II орынға, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдығына орай ЖОО мен АОО арасында өткізілген армрестлинг спортынан 65 кг салмақ дәрежесі бойынша жүлделі I орынға (21.02.2012ж.), ҚР Мемлекеттік Рәміздерінің 20жылдығына арналған армрестлингтен студенттер мен жастар арасындағы Орал қаласының жеке командалық біріншілігінде 60 кг салмақ дәрежесі бойынша I орынға ие болған (23.02.2012ж.).

Спортты жанына серік еткен Арматқа алар асулары асқақ, шығар шыңдары биік болсын, - деп тілейміз.



Экономика - танымы терең сала

Экономика және басқару
факультетінің Жаршысы



Наурыз - МЕРЕКЕМ, Наурыз - БЕРЕКЕМ!

Наурыз – ежелден келе жатқан мейрам. Бұл күні күн мен түн теңеліп, жан-жануарлар төлдеп, адамзат баласының аузы аққа тиіп, жер үстіне шаттық пен бейбітшілік орнайды.

Ұлыстың ұлы күнінде әрбір жүрекке үкілеген үміт оты маздап, бақыт есігі ашылғандай болып, келешекке сеніммен қараған. Себебі, күн мен түн теңелгенде, жаңа ай толықсып толғанда, тұрмыс пен табиғат жаңарғанда жер жүзі жайнап, көк құт көзін (өсімдік) ашқан. Жер бетіне жақсылық ұялағанда, ұзақ пен жылқышы торғай ұшып келген, жыл жерге түскен, Жер-ана тоң кеудесі жібіп, тас емшегі иіген, Самарқанның көк тасы еріген. Түнгі даланы адамдарға бақ-дәулет дарытатын Қызыр ата аралаған.

Ұлы мерекеге орай наурыздың 19-ы күні экономика және басқару факультетінде есеп және қаржы кафедрасының ұйымдастыруымен «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік сайыс өткізілген болатын. Сайыстың мақсаты



- студент жастардың арасында ұлттық тәрбиені дамытып, қазақтың салт-дәстүрлерін жандандырып, жаңартып нақыштау. Жастарды елін сүйге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге, өнерлі, өнегелі азамат болуға, бірлікке, достыққа тәрбиелеу. Сайысқа факультеттің 1-3 курс аралығындағы студенттер мен оқытушылар қатысты. Қызу дода барысында қатысушыларымыз 5 кезең бойынша, яғни таныстыру, қазақтың ырымдарына, тағамдарына, тарихына, нақыл сөздеріне байланысты сұрақтарға жауап беру, өнер көрсету, қазақтың салт-дәстүрлерінен көрініс көрсету, қазақтың ұлттық тағамдарын дайындау бойынша сынға түсті. Мерекелік сайыс өте қызу әрі тартысты өтті. Сайыс соңында әділқазылар алқасы шара-ны қорытындылап, қатысушыларды марапаттады.

Әсемгүл ШУКИЕВА,
3 курс студенті

БИТВА

доблестных рыцарей и милых дам

Студенческие годы - самые лучшие годы жизни: ты молод, в голове множество идей и планов, впереди ждет светлое будущее и достижение поставленных целей. При этом студенческое самоуправление – это отличная возможность приобрести полезные навыки общения с людьми, развить личностные качества и просто с пользой провести свое время! Так, 16 марта 2012 года на факультете экономики и управления был проведен конкурс среди студентов факультета «Мистер и Мисс Экономикс», организованный студенческим деканатом и деканатом факультета.

Целью проведения конкурса является развитие творческой активности студентов, а также популяризация студенческого творчества.

Основным условием конкурса было создание пары из числа студентов 1 и 2 курса.

Конкурс состоял из 5-ти туров, 1 тур – «Визитка», 2 тур – «Конкурс видеороликов», 3 тур – «Танец в паре», 4 тур – «Интеллектуал», 5 тур – «Fashion».

По итогам конкурса самой лучшей парой, а именно обладателями номинации «Мистер и Мисс Экономикс» стала пара студентов 1 курса - Аян Отеген и Светлана Гельман.

Надо отметить, что «Государство ставит перед собой серьезные, амбициозные задачи, в первую очередь, – переход от сырьевой модели экономики к инновационной. Эту задачу не решить без образованного общества. А студенчество и есть его интеллектуальный потенциал. Поэтому особое внимание государства сосредоточено на развитии высшего образования.



Асхат МЕНДЫГАЛИЕВ,
студент 4 курса

Сен білесің бе?

Гиннесс кітабынан үміткерлер тізімі ЖАРИЯЛАНДЫ

Гиннес кітабының өкілдері 2012 жылғы басылым бетінен орын алатын адамдардың есімдері мен ерекшеліктерін жариялады.

Олардың бірі – үлкен теннис ойынына арналған ракеткадан денесін өткізе алатын Жаңа Зеландиялық әйел Скай Бруберг. Ал Техастық студент Чэнел Таппер - тілі ең ұзын адам. Оның ұзындығы 10 сантиметрге жуық. Таппер йогуртты қасықсыз-ақ жей беретінін айтып мақтанады. Ал телекоммуникация саласындағы компьютерлер маманы Рольф Бучхолменнің бет-аузы пирсингпен көмкерілген. Оның денесінде барлығы 453 пирсинг бар

екен. Өнерпаздарға келер болсақ, олардың арасында Удо Кретцшманның орны ерекше. Ол әдеттегіден 7 есе үлкен виолончель аспабында ойнай алады. Рекордқа ілінгендер арасында 18 жыл бойы тырнағын өсірген бір әйел бар. Әлемді таңдандыруда жапониялықтар да құр алақан емес. Олардың екеуі бірнеше итті бір мезетте жіптен секіртуді үйретсе, басқасы шығыс жекпе-жегінде адам айтқысыз жылдамдыққа жеткен. Гиннестің рекордтар кітабы 1955 жылдан бері әлемді тамсандырған және таңдандырған жайттар мен адамдарды тіркеп келеді.

(Ғаламтордан алынды)



Өлең

Білмеппін,
білгім де келмейді...

Білмеппін қыстың да кеткенін,
Сезбеппін көктемнің жеткенін.
Көктемнің қыспенен алмасып,
Сезбеппін әлемді әп-әсем еткенін.

Сезбеппін күндердің өткенін,
Алтын күн шуағын төккенін.
Сезбеппін бетімнен көктемнің,
Саф ауа, самалы өпкенін.

Ұқсайды бір күнім бір күнге,
Мұндайдың болуы мүмкін бе?!
Білмеймін дәл қазір уақытты,
Білмеймін, білмеймін сен күлме.

Табиғат тіріліп жатқанда,
Адамдар бір-бірін тапқанда.
Білмеймін, білгім де келмейді,
Махаббат шырынын енді-енді татқанда...

Жадыра ЖАУМЫТБАЕВА,
экономика және басқару факультетінің
1курс студенті

Әңгіме

Қысқы каникулдың ҚЫЗЫҚТАРЫ

- Айналайын, қара қызым, сабағыңды жақсы оқы, жылы киініп жүр,-деп тағысын-тағы таусылмайтын ақылдарын айтып анам да, әкем де, ағам да, жалғыз сіңлім де шығарып салды. Шығарып қана салған жоқ, үкілеген үмітін де, сенімін де арқалатып жіберді. «Грантка түсу үшін сабағыңды 5-ке бітіріп, аман-есен үйге кел», деді ғой. Сырт көзге жай ғана сылдыр сөз секілді көрінер бәлкім... Алайда, айтылған сөздің астарында ата-анамның өздеріне сенгеніндей маған да сенген сенімдері жатыр... Әсіресе, әкемнің «менің қара қызым жақсы оқиды ғой» деген сөздері есімнен кетпейді. Міне, солай жүрдек пойыз орнынан қозғала бастады. Өз елімді қимай бара жатырмын... Енді, Алла сәтін салса, шыжыған шілдеде келетін болармын. Маңғыстаудың шекарасынан шықпай жатып, бір түрлі қызық сезім баурап барады. Өнеу күні үйдегілерге еркелеп, тағы да біраз қалайыншы дегеніме болған жоқ, сабағыңнан қалып қоясың деп меселімді қайтарып тастады... Көзге ілінер шеті де, шегі де жоқ сахара даланы аппақ қар басыпты. Аласа-аласа тау тізбектері ақ қардан жамылғы киіп алғандай, мен мұңдалап тұр. Неткен ғажап...тылсым табиғаттың сұлулығына сөз жоқ қой...

Міне, осылай оқуыма да аттандым. Пойызда жатақхананың қыздары боп әр нәрсенің басын бір шалып, өткен-кеткенді еске алдық. Уақыт та зырылдауықтай зымырап өте кетті. Бір тәулік жүріп, Ақтөбеге жеттік. Жолсерік апай біздерге кешке дейін қыдырып келіндер, мұнда 8 сағат тұрамыз деді. Әрине, жастық шақтың желеуімен қуана-қуана қыдыруға кеттік. Көшеде кездескеннің көпшілігі - қаймана қазағымыз... Жылы шырайлы, қарагөздер...Көңіліңе майдай жағады. Қанағатсыз көңілдің қызығушылығымен біраз жерді шарладық. Бірақ Ақтөбенің суығы шыдатар емес, тісімізді-тісімізге тигізбей, табанымыздан сыз өте бастады. Қайтуға шешім қабылдадық. Қайтарын қайттық қой, бірақ вагонымызды таба алмай біраз сенделдік.Теміржолдың рельстерін шарлап, әрлі-берлі бір жарым сағат жүрген шығармыз. «Қайыршыға жел қарсы» дегендей ауа райы да өз күшіне мініп алыпты, одан сайын аяз алқымымыздан алып, үскіріп тұр. Өбден шаршдық дегенде алдымыздан ағай шықты. Сол ағайға бекер жолықтық... -Ағай,Московскийпойыздың20-шывагонықайжолдатұр? -20-шы вагон? Өне басында, осы пойыз ғой, тез мініңдер, қазір отправление болады. Сәл болмағанда қалып қоятын едіңдер, әй, қыздар-ай,-деп ұрыса жөнелді. Мініп алып, әбден қуандық, бір кезде әйелдердің әңгімесінен «Ақтауға бара жатырмыз» деген сөз естілді...Мәссаған, қасымдағы құрбым екеуіміз не сенерімізді, не сенбесімізді білмей есеңгіреп тұрып қалдық. Жолсеріктер жерден алып, жерге салып ұрысып жатыр. Сол уақытта сол апайларға ренжігенімді-ай... Өзіміз есімізді жия алмай әрең тұрсақ, ұрысканы несі... -Сендерді Бестамақтан түсіріп кетем, таксимен барарсыңдар Ақтөбенің вокзалына! -Такси? апай, такси қанша уақытта жетеді? қанша алады? -Білмеймін, мен таксилермен сөйлескен емеспін... Неткен жауыз, ө, адамдар. Дұрысын айтса, аузы қисайып қалмайды ғой. Қанымыз бір қазағымыздың көрсеткен көмегі осы...Сәлден кейін күн де ұясына батады. Азырақ тұра тұрса қайтеді...бәрі қырсық. Жығылғанға жұдырық деген осы да. Солайша бізді Бестамақтан түсіріп кетті. Бестамақтан такси тоқтаттық. Ұлты орыс ерлі-зайыптылар болып шықты. Студентпіз деп, жағдайымызды айтып түсіндірдік. Айтпасақ, тағы болмайды. Ақтөбеден түсерде алып шыққан ақшамызға «су құйылған еді». Жігеріміз жасыған уақытта жағдайымызды түсінген қазағымыз емес, орыс екеніне қуандым, әрине, бірақ налыдым да. Жол бойы жарты сағаттың ішінде жеті жылға қартайған болармыз... ...Әй, студенттік өмір-ай...тиынды-тиынға қосып теңге шығарып жүрген қызығы да шыжығы да қатар жүретін бұл дәуреннің дәмін енді сезіне бастағандаймын. Сол бір күн, сол бір минуттар, сол кездегі санамдағы қаумалаған ойлар легі ешқашан да ұмытылмас, ұмыта алмайтын да шығармын!

Жадыра ЖАУМЫТБАЕВА,
экономика және басқару факультетінің
1 курс студенті



Р
К
Е
Н

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

13



УНИВЕРСИТЕТТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА ФАКУЛЬТЕТ ТАРИХЫ



Отец всегда был и остается для меня образцом для подражания. Он был сильной личностью, мужественным, требовательным и вместе с тем чутким, трогательно-нежным отцом. Он был настоящим ученым, автором одного из первых учебников казахского языка. Отец знал также татарский, киргизский, узбекский, уйгурский и арабский языки. Когда отец говорил по-казахски, я поражалась образности его языка, его метафоричности, его глубоким знаниям литературы и казахского фольклора.

Папа полностью разделил судьбу людей своего поколения. Его исключали, как сына бая, из комсомола, подвергали

Воспоминания об отце ГАБДРАХИМЕ АБУХАНОВИЧЕ АБУХАНОВЕ

различным гонениям и унижениям. Он должен был выжить и выжил, так как на руках у него остались мать и младший брат Габдулхан. Когда они с мамой поженились, у них на двоих был один чемодан, а впоследствии они сами оказывали помощь и поддержку многим людям.

Наш дом всегда был полон народу: у нас жили и получали образование, женились и выходили замуж. Некоторые помнят об этом. О стремлении отца всегда помогать людям часто вспоминает А.С.Зыбина, старший преподаватель кафедры английского языка. Она сказала мне: «Габдрахим Абуханович был очень добрым, человечным человеком. Несмотря на то, что он был проректором по учебной работе, а я просто преподавателем, он однажды остановил меня в институте, поздоровавшись первым, и спросил, чем я так расстроена. Я ответила, что до сих пор после окончания Высших курсов в г. Алма-Ате не имею должности старшего преподавателя. Он тут же попросил меня зайти в его кабинет

и написать соответствующее заявление. На следующий день вышел приказ о назначении меня на должность старшего преподавателя».

Отец был требовательным человеком, но, прежде всего, он был требователен к себе. Я помню, как отец уже в пять часов утра сидел за письменным столом и работал над своим учебником, как любое порученное ему дело он выполнял сразу же и основательно. Он всегда превносил в семью оптимизм и остроумие. Мы, дети, гордились им, а наша мама преданно любила его всю свою жизнь.

Наш отец был трогательно заботлив. Я училась в институте, когда отец уже был на пенсии и ему уже не нужно было спешить к восьми на работу. Я вставала в пять часов, чтобы подготовиться к занятиям. Отец тоже вставал в это время и ставил для меня чайник, несмотря на мои возражения. Так он стремился поддержать меня, одобрял мое отношение к учебе. А однажды, когда я уже работала в институте, пошел сильный дождь. Вдруг раздается

стук в дверь аудитории, где я вела занятия. Открываю дверь и вижу своего отца, а ведь ему было уже за семьдесят, он принес мой зонтик: «Ты забыла зонтик, сказал он, – боюсь, простудишься».

Отец многое предвидел. Когда меня мучил вопрос «Куда пойти учиться?», я обратилась к нему за советом. Вот, буквально, что он сказал мне тогда: «Поступай в педагогический институт. Учителя нужны при любой власти. Поступай на факультет иностранных языков: кто с языком, тот с хлебом».

Отец всегда и везде пользовался огромным уважением, авторитетом, был душой любой компании. Он любил шутку, каламбур и сам мог пошутить, разрядить любую тяжелую атмосферу. Молодежь всегда была влюблена в него, так как он был не только отличным преподавателем, но прежде всего с огромным уважением и любовью относился к каждому человеку.

Я всегда удивлялась тому, что он первым здоровался с молодыми преподавателями, называя их не иначе, как «Баке», «Саке» ... Отец всегда признавал за людьми право на ошибку, терпеливо и с уважением относился к любому мнению.

25 февраля 2012 года исполнилось 100 лет со дня его рождения. Кафедра казахского языка и литературы под руководством зав.кафедрой, доцента А.И.Мамырова, организовала торжественное мероприятие, посвященное памяти моего отца.

Коллектив ЗКГУ им. М.Утемисова под руководством ректора, академика А.С.Иманалиева выступил с предложением об увековечивании его памяти.

Наша семья выражает всем, принявшим участие в подготовке и проведении этого мероприятия, огромную благодарность и пожелания счастья, личного благополучия и успехов в работе.

Алма АБУХАНОВА,
зав. кафедрой теории и практики
обучения иностранному языку,
к.ф.н., доцент

Әдемілік бізге көптіңк етпейді!

Наурыз айының 5-і күні қазақ филологиясы кафедрасында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылған «Әдемілік бізге көптіңк етпейді!» атты мерекелік шара болып өтті.

Көктемнің шуақты күндерінде аяулы ұстаздар мен ару қыздарға, көрермендерге тамаша көңіл-күй, ғажайып әсер, ұмытылмас кеш сыйлау мақсатымен факультет ұлдары ұйымдастырған шара өте жоғары деңгейде өтті.

Концертке арнайы шақырылған қонақтар - филология факультетінің деканы Қарлыға Тасқалиқызы, филология ғылымдарының кандидаты Рита Бекжанқызы және Р.Қазықызы, И.Сұлтанязова, З.Мүтиев, Б.Өмірзақов сынды оқытушылар қатысты.

Кеш шымылдығын өзінің құттықтау сөзімен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Зейнолла Жақсылықұлы ашты. Мерекелік концерт ән-күймен, жас акындардың жүрекжарды туындыларымен басталып, сахналық қойылымдармен жалғасын тапты.

Көктемнің алғашқы мерекесінде көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған бұл кештен жоғары курс студенттері де қалыс қалған жоқ. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті Ахметқалиев Тілек пен 2 курс студенті Мыңбаев Сәкеннің орындауындағы әсем ән көрермендер көңілін бір серпілтіп тастады.

Кеш қонақтарына көктемдей тамаша әсер сыйлаған ақынжанды ұлдарымыз - Әбиболлаев Ақжол, Орынбасаров Әділет, Өмірашов Нұркен және Қойланбаев Абзалдың жыр шумақтары, сондай-ақ, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенті Ержанов Мержанның түрік тіліндегі «Аппе» өлеңі барша көрерменнің сұңғыла назарын өзіне аударып, кешті әрлендіре түсті.

Поэзия әлемінде көктемдей көңілдің сырлы назын шерткен, факультетіміздің жас ақыны Базарбаев Азаматтың өз қаламынан туындаған «Аналар жыры» барша көрерменге ару-аналардың қасиетін паш еткендей болды.

Көрермен көзайымына айналған өнерлі жігіттер концертке қатынасып отырған барлық ұстаздар мен аруларға құттықтау хаттары мен гүл шоқтарын табыс етті.

Кеш соңында ұстаздарымыз Роза Қазықызы мен Рита Бекжанқызы аяулы аруларымызды мерекелерімен құттықтап, осындай ұмытылмас мерекелік кешті ұйымдастырған факультетіміздің ұлдарына, жүргізушілері мен осы кешке атсалысқан барлық топтарға шексіз алғыстарын білдірді.

Осындай әсем әуен, көтеріңкі көңіл, керемет сезім бесігінде тербеткен көктемнің сұлулық мерекесі баршаңызға қуаныш сыйласын!

Таңшолпан ҚАРШЫҒАҚЫЗЫ,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
1 курс студенті

«Бір жыл толды ҰЛЫ ЖҮРЕК ТОҚТАҒАЛЫ»

Қай ақын болсын өз дәуірінің перзенті, өз заманының жемісі. Қадыр ақынның да туған халқының мәйекті ойы мен маржандай тілі негізінде ғажайып сұлу, мазмұны терең, кестесі көркем лирикалық өлеңдердің майталманы екені алты алашқа мәлім. Бірақ, қара сөзбен жазылған шынайы, бүкпесіз айтылған құнды ойларды өлең-жырдың құдіретімен, кең тыныспен айшықтап, өрнектей білген абыз ақын Қадыр Мырза Әли бүгін біздің ортамызда жоқ. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп ұлы Абай ақын айтпақшы, ақжайықтық дарабоз ақынның жанартаудай қоздаған шок, маздаған от жалынды жырлары мен асыл бейнесі мәңгілікке жадымыздан кетпек емес.

Өнер мен адам биіктігінің тұтастығын, жарасымын іздеген М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың ойлы оқырмандары өз кезегінде өрнекті ой озығы, бейнелі сөз жорғасы Қадыр ақынды да естен шығармайды.

Бұған дәлел, наурыздың 2-ші жұлдызында өткен «Бір жыл толды ұлы жүрек тоқтағалы» атты Қадыр Мырза Әлиді еске алу кеші.

БҚМУ-дың филология бөлімінің профессоры, доцент Серікқали Ғабдешұлының бастауымен өткізілген бұл кешті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті әрі осы кештің ұйымдастырушысы Елдана Асылханқызы жүргізді.

Алғы сөзде БҚМУ-дың халықаралық байланыс және ғылыми жұмысы жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы сөз алып, өз ойын білдірді. Дәстүрлі өндер бөлімінің 4-курс студенті Эльмира Сейілханқызы Қадыр ағаның «Ақ Жайық» әнімен кеш шымылдығын ашты.

«Өлді деуге қимайтын, Өлді деуге сыймайтын,» - деп ҚР еңбек сіңірген ақыны, Ақ Жайықтың ақ шағаласы атанған Ақұштап Бақтыгереева қазақтың көсем сөзінің шебері хақында түрлі естеліктер мен жерлес ақынға арналған жыр шумақтарын жеткізді. Сондай-ақ, кештің арнайы қонақтары Донеделі Қажымов пен Гүлнәр Дәукенова сынды ҚР еңбек сіңірген әншілері Қадыр Мырза Әлидің сөзіне жазылған «Құштар көңіл» әніне қоса, «Ақжайық – ару мекенім», «Анаға сәлем» әндерін орындап, кештің сәнін кіргізді. Кеш барысында облыстық мәслихат депутаты Әбдрахим Маралұлы сөз сөйлеп, ақын туралы естеліктерден сыр шертті.

Ақынның біраз жырларының ән әлемімен тоғысқандығының және бір дәлелі ретінде, кештің сәні бірнеше халықаралық байқаулардың жеңімпазы, әнші Ажар Сейтенованың орындауындағы «Сырым бабам», вокалдық өнер мамандығының 4-курс студенті Гүлназ Құсайынованың орындауындағы «Сыған серенадасы» әндерімен ажарлана түсті.

Сөзде ғаламат күшке айналар қымбат құн барын дәлелдеген ақынның мәнерлі, сыңғыры бөлек



жырларының арнасына ден қойған избасар ұрпақтары, жас ақындар да осы кештен табылды. Талғат Мықы «Табан» және студенттеріміз Мұрсалова Жұмагүл (4-курс) «Қадыр ағаға», Ерманова Жадыра (2-курс) «Қадыр ақын», Сұлтанмахмұт Айдана (2-курс) «Өлмейді ақын», Базарбаев Азамат (1-курс) «Қадыр ағаға» сынды жырларын көпшілік алдында паш етті.

«Үйінді қорғау есіктен басталады, Отанды қорғау бесіктен басталады,» - деп, кеш соңында профессор Серікқали Ғабдешұлы сөз алды. Өз кезегінде ұстаз Ақ Жайықпен жібектей нәзік сезімнің сәулелері арқылы байланысып жатқан Қадыр ақын турасында отты-отты сөздерімен залдың зор қошеметіне ие болды.

Кештің соңында Донеделі Қажымовтың әуеніне жазылған «Орал, әнім сенсің шалқыған» әнін Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония әншілері Еркін Өтегенов пен Күләш Қуанышқалиева зор мақтаншыпен, асқақтата орындап шықты.

«Ақындық шығар айыпты, Өлі де білмен себебін. Өлеңге айтып қойыппын, Өмірдің айтпа дегенін,» - деп жырлаған, желісі ұзын жылдарын сырты сұлу, іші асау жыр әлеміне арнаған ақындық дарын – Тәңірдің сыйының иесі абыз ақын Қадыр Мырза Әлиге арналған еске алу кеші, міне, осылайша өз мөресіне жетті.

Әйгерім ҚАУЕН,
қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі
мен әдебиеті мамандығының 1 курс студенті

Ескеңег



Владимир Матвеевич КОСТЮКОВ

**Взгляните в эти лица.
Они – истории частица,
В них – жизнь для нас,
Они – пример и вдохновение
Для всех работающих ныне.**

Выпускник Уральского государственного педагогического института имени А.С.Пушкина доцент В.М.Костюков всю свою жизнь связал с кафедрой русского языка и родным вузом.

Кто он? Потомственный интеллигент, педагог. Старшее поколение знало его отца – Матвея Георгиевича – директора СОШ №1, жена – Зоя Андреевна Рулёва – отдала институту всю свою жизнь. Семья его – воплощение «семейственности»: и дочь Вера – выпускница, в недавнем прошлом – преподаватель УПИ, продолжила филологическую тропу отца в России и Германии.

Имея хорошую теоретическую подготовку, он был эрудированным специалистом во многих аспектах современного русского языка. Окончил очную целевую аспирантуру в КазГУ, написал и успешно защитил кандидатскую диссертацию на тему «Гибридные слова в современном русском языке» под руководством известного профессора Х.Х.Махмудова (КазГУ). В.М.Костюков был верен избранному пути в науке и стал продолжателем стилистической школы своего научного руководителя.

Стилистика и словообразование – те области, в которых вел научные поиски доцент В.М.Костюков и его многочисленные студенты-дипломники.

Каким он был эрудитом! Казалось, не было в лингвистике вопроса, на который он бы не смог ответить – и показать, где и что по этому поводу написано. В его голосе всегда было участие и ощущалась поддержка. Вроде «Вы и сами знаете, только запомнили, а я – подкажу...»

Кажется, для многих студентов воплощением известного «встречают по одежке, провожают – по уму» была первая встреча с Владимиром Матвеевичем Костюковым. Первое чувство – такой странный чудак, одет небрежно, весь в движении, но речь – завораживает. Не обладая сильным голосом (кто-нибудь видел нашего Владимира Матвеевича – по доброй воле – на трибуне, ну хоть раз?), он своей торопливой глубиной сказанного буквально окунал слушателей с головой – и в фонетику, и в лексикологию, и в стилистику.

Он был очень скромным, корректным, интеллигентным человеком. Заметив ошибку в речи собеседника (будь то коллега или студент), Владимир Матвеевич осторожно, как бы боясь обидеть, исправлял её, шутил по-доброму. От студентов он постоянно требовал творческого отношения к учёбе, добросовестного выполнения курсовых и дипломных работ.

В старых вузах есть традиция – лекции метров заканчиваются цветами и аплодисментами. Как горько, что мы не отблагодарили хотя бы этим Владимира Матвеевича при жизни.

К.К. БИАЛИЕВА,
*доцент кафедры общего языкознания и перевода
(зав. кафедрой русского языка и литературы
с 1983 г. по 2002 г.)*

Олимпиада как путевка в жизнь

С 21 по 23 февраля в ЗКГУ имени М. Утемисова проводилась олимпиада по русскому языку и литературе среди учащихся десятых-одиннадцатых классов школ города.

Важнейшей задачей олимпиады является развитие у учащихся интереса к русскому языку и литературе, воспитание потребности самостоятельно изучать эти предметы, знакомиться с научно-популярной литературой, справочниками и словарями. Олимпиада является также хорошей профориентационной работой.

В старших классах общеобразовательной школы количество часов по литературе не соответствует объёмному программному материалу, 1 час русского языка в классах естественно-математического направления не даёт возможности для глубокого усвоения знаний учащимися, систематического повторения пройденных тем.

Обе ученицы СОШ № 21 - участницы олимпиады (Анастасия Поликарпова и Дарья Дониная) - обучаются в классе естественно-математического направления, но в будущем мечтают стать студентами ЗКГУ, поступив на специальность «Русский язык и литература».

Сложным для моих учащихся оказался письменный тур «Работа по тестам и собеседование по ним», хотя они освоили огромное количество тестов по русскому языку, в основном тесты ЕНТ. Вопросы письменного тура держались в строгом секрете, не были доступны никому из посторонних, что является совершенно справедливым по отношению ко всем участникам олимпиады.

Очень понравился моим ученикам конкурс чтецов. Каждый предварительно подготовил несколько стихотворений С.Есенина, М.Цветаевой, на олимпиаде были прочитаны любимые стихи. Членами жюри были отмечены все участники олимпиады.

От имени своих учеников, от имени учителей-филологов хочу выразить огромную благодарность организаторам олимпиады: старшему преподавателю кафедры Розалинде Эйзеровне Винник, всем преподавателям кафедры общего языкознания и перевода ЗКГУ имени М.Утемисова. Спасибо за то, что радуете своим неиссякаемым творческим духом и неизменным оптимизмом всех истинных друзей, знатоков и ценителей русского слова!

Гульмира ТАСЕМЕНОВА,
*учитель русского языка и литературы
СОШ № 21, г. Уральск*

Қосымша бетті дайындағандар:

М.К. Ажғалиев – педагогика ғылымдарының кандидаты, А. Қауен – студент, Т. Қаршығақызы - студент

Анаға сағыным

Ақ жүрегі мейіріммен сусындаған мәңгілік,
Жанарының шуағы бар, таңбасы бар ізгілік.
Асыл тастан жаралғандай, тіпті қымбат одан да,
Сыйлар, берер ақ анашым дүниеге сан көрік.
Бар тәттісін аямаған ботасына әрдайым,
Ана білер әрқашанда баласының әр жайын.
Бар денеме қуат беріп сөзбен жылытар жүректі,
Күлкі нұры үйіріледі ұсынғанда ақ шайын.
Саған деген махаббатым өлшеусіз бұл дүниеде,
Бір өзіңе арналады әлі талай өлең де.
Бақыттардың бақыты аяулысы мен үшін –
Ана өзің аман болып жүргенің бұл өмірде.

Риза ҚҰРМАНИЯЗОВА,
02105-топ

Я хотел тебя поздравить.
Я пишу тебе стихи.
У меня сегодня праздник -
Раздаю свои грехи.

Раздаю свои улыбки,
Как талоны на еду,
Но без права на ошибку
Я к тебе не добреду.

Я в бреду или в угаре,
Я в плену или в канаве.
Сам себя я покараю,
Сам себя я накажу.

На кого я похожу?
Что за бард такой весёлый?
Я куда ни погляжу -
Нахожу свои проколы.

Нахожу свои туннели,
Нахожу свои мосты,
А чего вы все хотели
В мире тьмы и пустоты?

Я шил себе платье из дыр,
Мир создал из дач и подвалов.
Я сам для себя кумир
В окружении чужих кварталов.
Я сам для себя герой -
Создатель рифмованных шрамов.
Мне жаль только, что порой
Не скрыться от ваших ударов.

Алексей ЕГОРОВ,
группа 03404

Өмір - арман

Білесің бе, жарқыным, өмір – арман,
Зуылдайды жүйріктей құйын жалған,
Бақытымның базары қайта оралғай,
Бір кездері байқамай төгіп алған.

Төмендетпе ешкімді тыңдамаймын,
Үмітпен атар таңға мың қараймын.
Берекелі өмір бер, ей, Жаратқан,
Ешқашан шеккен мұңды бұлдамаймын.

Сырласарым да, сыйласарым да өлеңдей,
Жаныма жалау болатын ылғи елендей.
Аман болсыншы ет жақындарым, тек аман,
Тіпті де мен-ақ қалайын мейлі еленбей.

Үміт артып арайлы таңдарға да,
Үміт артып шықпаған тауларға да.
Сол биікке жетуге қол созатын,
Өздеріңдей жанашыр жандарға да.

Айнаш ХАЙРЕДДЕН,
02102-топ

Қыз сөзі

Жаралған ем нәзік гүлден жердегі,
Нәр алып ем жұлдыздан мен көктегі.
Армандасам, бір сәтке тебіреніп,
Аққудайын жүземін көк көлдегі.

Үлесімді қоссам мен қазағыма,
Шындық сыйлап өмірдің базарына.
Көмектессем, бәріне жақсыменен,
Сонда жүрермін Алланың назарында.

Туған елді қорғаймын мен қалайша,
Еңбек етем шаршамай таң атқанша.
Қуанамын қыз болып туғаным,
Намысы жоқ қазақтың ұлы болғанша.

Риза ҚҰРМАНИЯЗОВА,
02105-топ



Р
К
Є
Н

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

15



ЖАҒЫДЫСЫ

№3 (5), наурыз 2012 жыл

Жас әрігерге табын, білсең, сол барың, Бос өткізбей ізде зейнет жолдарың.

Жүсіп Баласағұн

АТА-БАБА ДӘСТҮРІНІҢ ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан асты. Мемлекетіміздің толығып, қуаттана түсуі үшін, әлем халықтары өркениеті арасындағы өзіне лайықты орнын алуы үшін, әлі де болса атқарылар жұмыстар мен ізденістер ауқымы мол. Тарихтың бір кезеңдерінде «Қазақ хандығы», «Дешті Қыпшақ», «Ғузия» (Түркі қағанаты) және тағы басқа атауларға ие болған бұл өлкені түркі нәсілді түрлі тайпалар өз Отаны ретінде мекен-жай еткен, өсіп-өнген. Зерттеушілерге сүйенсек, М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-турки» (Түркілер сөздігі) еңбегінде осы аймақтарда тұрақтанып, қоныс еткен қырық тоғыз тайпа мен тайпалық бірлестіктердің аты аталып өтеді. Қазақстан аумағын және онымен шектес аймақтарды мекендеген өзге де түркі халықтарының ұзақ уақыттар бойына аралас-құралас өмір кешуі осы халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде де өзіндік із қалдырған. Солардың бірі – *дүниенің жаңғырып, жасару мезгілі – көктемді қарсы алу*. Қазақтар, көптеген түркі халықтары, бұл орайда көктемнің алғашқы уақыттық белгісін «*күн мен түннің, яғни жарық пен қараңғылықтың теңесу уақыты*» деп таниды және қазіргі түсінігімізге сай **22 наурызда** атап өтіп жүр. Қазақтарда әдет-ғұрпымызға тән бірқатар мерейлі күндер бар, бірақ Наурыз мейрамының орны ерекше.

Бұрынырақта тарихи-географиялық жағдайларға байланысты экономикасының басым бөлігі төрт түлік мал-жағдайына тәуелді болған қазақтар осы Наурыз мейрамынан соң іле-шала көктеу мен жайлауға көшу қамына кіріседі. Мұның алдында Наурыз мейрамын үй-үй, жақын ауыл-ауыл болып атап өтетін. Келетін қонаққа арнап жеті түрлі дәмнен немесе жеті түрлі азық түрінен арнайы «*наурыз көже*» дайындалатын. Сонымен қатар осы мейрамға әзірлеп, сыйлы адамдарға арнап қыс соғымнан «*наурыз сыбаға*» сақталынған. Осыған орай халық арасында наурыздың «*ұзынсары*» деген атауы да болған. Сондықтан, «*наурыз сыбағаны*» кейде «*ұзынсары сыбағасы*» деп те атаған. Қыс қиыншылықты өткізген халық наурыздан, яғни Жаңа жылдан көп жақсылықтар күткен. Бір-бірінің үйін, ауылын аралағанда наурыз құрметіне арнап «*ескі жыл есіркеді, жаңа жыл жарылқасын*» деп, үмітті тілектерін де білдірген. Сонымен қатар шаруашылыққа, адамның көңіл-күйіне, халыққа, мемлекетке қатысты «*ұлыс аман болсын!*», «*ұлыстың ұлы күні құтты болсын!*», «*ақ мол болсын!*», «*желі ұзарсын!*», «*көк көбейсін!*», сондай-ақ «*жаңбыр мол*

болсын», «*егін ырғын өссін!*», «*жайлау жайлы болсын!*», «*қоныс құт әкелсін!*» сияқты және т.б. тілектерді білдіріп отырған. Наурыз мейрамында ауыл жиналып, көкпар тарту, балуан күрестіру, айтыс-толғау өткізу тәрізді іс-шаралар атқарылған. Сондай-ақ маңызды бір мәселе – наурызға жете алмаған әруақтарға *Құран оқылып, еске алынып отырған*.

Наурызға арналып жайылған дастархан басында сол ауыл-аймаққа, ағайын-туғанға, тұрмыс-тіршілікке қатысты мәселелердің барлығы да түгенделіп, әңгіме арқауына айналған. Мысалы: *күйеу келтіру, қыз ұзату, құда күту, жайлауға көшу, егін салу және т.б.*

Қазіргі уақытта ата-бабадан мирас болып қалған Наурыз мейрамы көктем мерекесі, ескі жаңа жыл басы ретінде жаңғыра түсіп, халқымызбен бірге жасап келеді.

Осыған орай біз де педагогика факультеті деканаты атынан Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы мен студенттер қауымына Наурыз құтты болсын, еліміз аман болсын деп тілек білдіреміз!

Сондай-ақ, сөз соңында жыл басы – Наурыздағы аталымдарды қоса беруді жөн көрдік. Шынында да халық дәстүрлері қашанда өмір тәжірибесінен туындап, қалтқысыз қалыптасады. Соның нәтижесінде қолданысымызға жаңа атаулар еніп, жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтеді. Сол себепті төмендегідей халық даналықтарының студент жастар есінде жүргені абзал деп білеміз. Олар: жыл басында нұр жауған түн – *Қызыр түн*; жыл басының алғашқы суы – *Қарғын*; алғашқы қары – *Ақша қар*; алғашқы күні – *Ұлыс күні*; алғашқы желі – жыл айналып жеткен *Алтын күрек*; алғашқы төлі – *Дүбіраяқ*; бірінші сүті – *Уыз*; бірінші құсы – *Нәуірізек*; бірінші көгі – *Бәйшешек*; алғашқы асы – *Наурыз-көже*; алғашқы тілегі – «*Ауызды ақтан айырмасын, қызылды уақтылы көрсетсін*»; алғашқы құттықтау сөзі – «*Жасың құтты болсын!*»; бірінші белгісі – *Көріс*; бірінші сый-тағамы – *Ұйқыашар*; алғашқы сыйлықтар – *Діреткізер*. *Селтеткізер*; бірінші нышаны – *Самалық айту*; бірінші сөлемі – *Ұлыс бақты болсын, төрт түлік ақты болсын, Ұлыс береке берсін, пәле-жала жерге енсін!*

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
педагогика факультетінің деканы,
п.ғ.д., профессор

■ Қыз өссе - елдің көркі

Педфактың Әлиясы

Қай халықта болмасын әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен іңкәрліктің, тазалық пен нәзіктіктің символы – қыз бала. Ата-бабамыз ежелден қыз баланы қатал және ерекше тәрбиелеп, үнемі құрметтеп төрден орын берген. «*Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз*» деген қанатты сөзінің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, кейін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Қазақтың қызы осы «*қыз, келін, ана, әже*» деген ардақты атауларға толығымен лайық болуы керек. Ондай атқа лайық болуы үшін қыздың бой-басы таза, жинақы болуы тиіс. «*Қыз өссе - елдің көркі*» дегендей, қыз бала әр отбасына ерекше сән береді. Ал оған жол сілтеу – бірінші, ата-ананың міндеті дейтін болсақ, екінші кезек – қанатын қатайтып, болашаққа жол сілтеп, қарлығаштай ұшыратын мектеп ұясының ықпалы. Ал университет – білім берумен қатар, тағылымды тәлім-тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. Біздің педагогика факультеті осындай ұядай тағылымды ұжым деп білемін. Ал, қыздарға арнап жыр жазбаған ақын жоқ, ән шығармаған сазгер жоқ. «*Қызыл гүл*», «*қарақат көз*», «*қиғаш қас*», «*алма мойын*» – бұлардың барлығы біздің әсем қыздарға айтылған теңеулер. Осы айтылғандардың бәріне де лайықты деп өзіміздің педагогика факультетінің 4 курс студенті **Әлияны мақтанышпен айта аламыз.**

Тұяқбаева Әлия Мұратқызы 1991 жылғы қаңтар айында Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласында дүниеге келген. 2008 жылы университетімізге грант негізінде педагогика және психология мамандығына оқуға түсіп, тарихи тамыры тереңге жайылған білім ордасына қабылданған сәттен бастап БҚМУ-дың белсенді жастары қатарынан табыла білді. Ол университетке қабылданған жылдан бастап Қазақстан студенттерінің Альянсы республикалық студент жастар қозғалысының белсендісі. 2008-2009 жж. педагогика және психология бөлімінің көшбасшысы. 2010 жылы БҚМУ студенттер Альянсының І вице-лидері, қалалық штаб құрамында студенттердің құқықтарын қорғау бойынша үйлестіруші, 2011 жылы Орал студенттер Альянсы республикалық қозғалысының ІІ вице-лидері қызметтерін атқарды. Сонымен қатар 2009 жылы қазан айында Ақтөбе қаласында ұйымдастырылған Қазақстан студенттер Альянсының батыс аймақтық слетіне қатысушы, 2011 жылы

Шымкент қаласында өткен «Біз – Қазақстан студенттеріміз!» Республикалық жазғы студенттік лагерінің жігерлі қатысушысы, 2011 жылдың қыркүйек айында Орынбор қаласында өткен «Универсиадасенің қаланда!» атты шараның белсенді қатысушысы болды. Сондай-ақ, университет қабырғасында оқып жүріп, бірнеше белестерді бағындырды: «Уральск – музей под открытым небом» атты орыс тілі апталығы аясында ұйымдастырылған «Уральск: история и факты» студенттік конференциясының ІІ орын иегері (2008), күлкі күніне орай ұйымдастырылған университетшілік КТК ойындарында ІІІ орынға ие болды (2009), «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының ұйымдастыруымен өткізілген ІІІ еңбек маусымындағы жұмысқа белсене араласқаны үшін университет ректораты атынан алғыс хатпен марапатталды (2009), «Опыт организации социально-педагогической деятельности в образовательных учреждениях различного типа» шеберлік-класс жұмысы аясында біліктілікті жоғарылатудан өтіп, Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінің арнайы сертификатына ие болды (2009), Қазақстан студенттерінің Альянсы мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға ерекше ықыласпен атсалысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды (2010), Тараз қаласында өткен педагогика және психология мамандығы бойынша ІІ республикалық пәндік олимпиадаға қатысып, топтық есепте «Үздік ғылыми жоба» аталымының жеңімпазы атанды (2010). Емдік және сауықтырғыш массаж курсынан өтіп, «Емдік және сауықтырғыш массаж инструкторы» біліктілігіне ие болды (2011).

Қымбатты оқырман қауым! Осындай үздік те озат студенттеріміздің қай-қайсысы да мақтауға лайық. Ендеше, қоғам өмірінде белсенділік танытып, толағай жетістіктерге жете білген Әлияға алда да шығар шыңдарың көп болғай дегіміз келеді.

Лунара СЕРАЖОВА,
06101-топ

“Тағылым” жаршысын әзірлеуші жауапты редактор – Мөлдір Нұрмұханбетова, 06106-топ студенті

■ Студент, назар аудар, жаңа айдар!

Бала тілі - БАЛ

Кішкентай бүлдіршіндердің былдырлаған тілдері тәтті. Оларға не айтса да жарасымды. Кейде үлкен адамнан да асып түсіп, балдай тілдерімен күлдіртіп жатады. Өздерінің тартымды қылықтарымен жанға қуаныш сыйлайды. Біз практикада болған кезде бастауыш мектеп оқушыларының әрбір қызықты сәттерін қалт жбермей, назарға алдық. Осыған сәйкес мамандығымыздың ерекшелігіне орай бүгінгі күні «Тағылым» жаршысының бетіне «Бала тілі – бал» айдарын ашып ұсынып отырмыз. Қабыл алыңыз! Айдарды жүргізуші – **Өркен Оразғалиева**, 06403-топ студенті («Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы).



Хайуанаттар бағына барып Марат пілді көріп шешесіне:
- Піл сатып алайықшы? – деп өтінді.
- Оны қалай асыраймыз?
- Асырамаймыз. Мұнда «*Пілге тамақ беруге қатаң тыйым салынады*» делінген, – деп қоршаудағы жазуды көрсетті.

2-сыныпта оқитын Ерік бірде кітапханадан үйге «*Бала күтімі және оны тәрбиелеу*» деген кітапты алып келеді. Бұған таңырқаған ата-анасы:
- Мұны не істейсің? – деп сұрады.
- Оқимын, сендер мені дұрыс тәрбиелеп жүрсіңдер ме, соны білгім келеді, – деп жауап береді.

Саған жаңадан келген тарих пәнінің мұғалімі ұнады ма? – деп сұрады Мараттан әкесі:
- Жоқ, меніңше өзі аз білетін сияқты.
- Неліктен олай деп ойлайсың?
- Себебі сабақ түсіндіргеннен гөрі, көп сұрағанды жақсы көреді, – деп жауап берді.

Бірінші сыныптың оқушысы:
- Мама, біздің мұғалім бәрін шатастыра бастады.
- Қалайша?
- Кеше ол екіге екіні қосқанда төрт болады деп еді, бүгін келіп үшке бірді қосқанда төрт болады, – деді.

Анасы бес жасар Айжанға есеп үйретіп отыр. Мен сенің Назгүл апаңа таңертең 3 алма, түсте 2 алма бердім. Сонда оған барлығы неше алма бердім? – деп сұрады. Айжан жауап берудің орнына: - Сен мен жоқта Назгүл апаға алма берген екенсің ғой, – деп жылап қоя берді.

Бірінші қыркүйек. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бірінші сынып оқушылары. Сынып жетекшісі бүлдіршіндерге мектеп тәртібін түсіндіріп тұр:
- Балалар, мектепте, сыныпта шулауға болмайды, айқайлап сөйлеуге болмайды. Бір нәрсе айтқыларың келсе, қолдарыңды көтеріңдер...
Бір бала қолын көтерді.
- Мақсат, бірнәрсе сұрайын дедің бе?
- Жоқ, тексеріп көрейін деп едім.

Бірінші сыныптың оқушысы мұғалімге сурет салу дәптерін көрсетеді.
- Айзада, мынауың не?
- Далада жайылып жүрген сиыр.
- Далаң, шөбің қайда?
- Сиыр жеп қойды.
- Ал сиыр қайда?
- Шөпті жеп болған соң кетіп қалды.

Ыссы шайын суыта алмай отырған Нұрбек апасына:
- Апа, даладан аяз әкеп беріңізші, шайымды тез суытайын, – деді.

Папасы Саматтан:
- «Жұлдыз» журналының соңғы нөмірі келді ме? – деп сұрады.
Сонда оны естіп отырған кішкентай Нұрбек:
- Папа, жұлдыз біздің үйге келген жоқ. Ол аспаннан түсе алмайды ғой, – деп жауап береді.

Мен - қазақтың немесе Жұбан ақынша толғау...

Мен – қазақтың, тарихы мол сан арман Жаны жырдаң, ары нұрдан жаралған. Мен – қазақтың, сын сәттерде сынбайтын Көкбөрінің ұрпағынан таралған.

Қазақтың мен, талай тезден өткенім, Ұмытқам жоқ талай сырын өткеннің. Жанын салып құресумен бел шеше Тәуелсіздік тұғырына жеткенім.

Байтақтың мен, қияға ұшар қиялы, Қасиет тұтар туған Отан-ұяны. Кең далам бар дархан көңілім секілді Көлеміме бес Франция сияды.

Тереңмін мен, Жайықтың күй кернеген, Каспиймін мен, аққу өнмен тербеген, Сырдың суы – менмін - тұнған махаббат, Ертіс, Есіл, Өмудария – мен деген!

Биікпін мен, Алатаудың көл жетпес, Мен – Көкшетау, сулу мекен – Оқжетпес. Орман-тоғай, өзен-көлім, кең далам Сұлулықтың үлгісіндей сөз жетпес.

Азатпын мен, желбірейді көк туым, Кеңге жаяр құлашымды жетті күн. Бейбітшілік – басты ұраным әрдайым, Мақсатым мол, желден жүйрік екпінім.

Мен – қазақтың, масаттанам, мақтанам, Салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтаған. Мен – қазақтың, қасиетті, қастерлі, Мен – биікпін, тұғырлымын баршадан!

Аяғөз КЕРЕЕВА,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың
2 курс студенті (ПА-21)

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

16



Салауатты өмір салты

№3 (5), наурыз 2012 жыл

Дені сау адам - табиғаттың ең қызымат жемісі * Әз-Здоровом теле - здоровый дух

■ Из истории факультета

Физическое воспитание молодёжи: исторический опыт

(Продолжение, начало в №2)

В настоящее время на кафедре «Теории и методики преподавания физического воспитания» (заведующая кафедрой, к.п.н., доцент Испулова Р.Н.) введены новые дисциплины: самопознание, социология физической культуры, управление физической культурой и спортом, спортивная педагогика. ментджмент, правовые основы физической культуры. На кафедре работают доктор исторических наук, профессор военных наук Х.С.Муханбеткалиев, кандидаты педагогических наук Б.У.Альмуханов, Р.Н.Испулова, кандидат биологических наук, мастер спорта, 11-кратный чемпион Республики В.Л.Мельников, магистры физической культуры и спорта С.А.Бисалиев (мастер спорта), С.Н.Рыскалиев, И.С. Абдрахманов, С.Бахтиярова, заслуженный тренер РК, мастер спорта, чемпион мира по самбо среди ветеранов К.И.Исмагулов.

Современное состояние военного дела также требует от человека не только прочных знаний, навыков, умелой эксплуатации техники, высоких духовных и моральных качеств, но и физической выносливости, формирование которой во многом определяется физическим состоянием человека, его силой, натренированностью, ловкостью, то есть подготовленностью призванного к перенесению тягот воинской службы.

Современный мир значительно изменился в сравнении с прошлым, опасностей стало больше. Поэтому стране нужны смелые, решительные, сильные люди. Сильные, физически закаленные люди, такие, которые способны улучшать и защищать жизнь на земле.

Физическому воспитанию студентов других факультетов посвящена работа кафедры физического воспитания под руководством М.Х.Темиргалиевой. Большой вклад в подготовку спортсменов высокой квалификации вносят преподаватели физического воспитания, старший преподаватель мастер спорта С.Ш.Бекбаев и тренер-преподаватель, мастер спорта Б.Т.Тулегенов. Команда под их руководством из года в год успешно выступает на областных и республиканских соревнованиях, а такие студентки как А.Урынғалиева, А.Горбунова, А.Сулейменова, М.Тынышқалиева – мастера спорта Республики Казахстан по борьбе дзюдо. Студентки М.Сушицкая, В.Махметова, А.Кусманова выполнили норматив КМС. Женская и мужская команды по волейболу (тренер В.Н.Бикжанов) и армрестлинг (тренер А.Т.Шандозтеги) успешно выступают на областных, а также на городских играх.

Преподаватели кафедры Б.Т.Тулегенов, С.Ш.Бекбаев, Т.С.Хасанғалиев приняли участие в Чемпионате Казахстана по самбо среди ветеранов. Заняв призовые места они получили путевки в Чемпионат мира в Чехии г.Прага. Здесь они стали призерами: преподаватель Б.Т.Тулегенов завоевал золотую медаль, старший преподаватель С.Ш.Бекбаев завоевал бронзовую медаль.

В настоящее время на кафедре работает доцент Т.К.Кубашев – доцент педагогических наук Комитета, отличник просвещения РК, Ж.С.Жардемев – заслуженный тренер Республики Казахстан, мастер спорта СССР по самбо, С.Ш.Бекбаев, мастера спорта СССР по борьбе самбо, преподаватели Л.В.Демченко, А.Х.Джумағалиев (являются перво-разрядниками по спортивным играм), А.Т.Шандозтеги – кандидат в мастера спорта по борьбе самбо и армрестлингу, Т.И.Свинцова – кандидат в мастера спорта по борьбе дзю-до, Б.Т.Тулегенов – отличник

просвещения РК, президент федерации по борьбе дзю-до среди женщин ЗКО, А.Н.Володин – отличник просвещения РК, старший тренер по шахматам и тогыз-кумалаку ЗКО. Все они являются неоднократными призерами первенств Республики Казахстан по избранному виду спорта.

В Послании Президента страны Н.А. Назарбаева от 2007 года «Новый Казахстан в новом мире» отмечено, что «последовательное выполнение Стратегии “Казахстан-2030” обеспечит надёжную основу для нашего дальнейшего прогресса, у нас есть все основания продвигаться вперед ещё успешнее, и мы не упустим свой исторический шанс, для этого был избран путь ускоренной всесторонней модернизации Казахстана». Главой государства определены 30 важнейших направлений нашей внутренней и внешней политики.

С учетом основных направлений Государственной программы развития образования РК на 2011-2020 годы на кафедры теории и методики преподавания физического воспитания и физическая культура и спорт возложена следующая миссия: сохранение и приумножение научных, учебно-образовательных и воспитательных традиций кафедры, на основе новых евразийских идей межкультурного диалога и национального согласия; подготовка высококвалифицированных специалистов с использованием передовых технологий обучения и современной образовательной инфраструктуры; воспитание личности, в соответствии с запросами общества и государства, способных позитивно влиять на развитие образования, накопление и распространение гуманитарных научных знаний.

Целью развития кафедр являются: осуществление учебно-методической, научно-исследовательской, воспитательной деятельности в сфере высшего и послевузовского образования на основе интеграции науки, образования и производства. Задачи: повышение качества образования на основе современных образовательных технологий; проведение инновационной политики в области информатизации образования и внедрения новых технологий обучения; проведение научно-исследовательских работ; укрепление связи с международными организациями и иностранными вузами-партнерами для повышения престижа, привлечения средств и повышения квалификации своих сотрудников через участие в международных проектах; единство образовательного и научно-воспитательного процессов.

В организации физического воспитания каждого студента важно учитывать, что армейская служба требует от молодого человека максимального напряжения физических сил. Это связано с тем, что современные войска насыщены большим количеством сложной боевой техники, всевозможными огневыми средствами. И к тому же современный бой требует не только умелого применения имеющегося вооружения и боевой техники, но и высокой идейной убежденности и стойкости. Призвавшись в ряды Вооруженных Сил РК, молодой человек выступает уже не как частное лицо, он олицетворяет силу, мощь, дух и строй казахстанской армии, что в традициях нашего народа. Испокон веков мужчина должен был уметь защищать свой дом, свою Родину. Это было в прошлом и теперь остается его главной, священной обязанностью.

Хайырлы МУХАНБЕТКАЛИЕВ,
д.и.н., профессор кафедры теории и методики преподавания физического воспитания

■ Ақын тағылымы

Ұлт жадындағы психолог ақын

Замана ғұламасы Зейнолла Қабдоловтың: «Әрбір шын мәніндегі суреткер секілді Қадырдың да кешегі жыры Адам туралы болатын, бүгінгі жыры да – Адам туралы, ертеңгі жыры да – Адам туралы болмақ», - деген келелі пікірінен, ақын шығармашылығының басты тақырыптары адамның қилы сәттері екенін байқаймыз. Адамгершілік қасиеттерді, бала жанын түсінуді ақын поэзиялық шығармалары арқылы беруді көздеген. Балалар психологиясын жетік меңгерген ақын ғана саф алтын туындылар тудыра алмақ. Бұл ретте Қадыр ағаны қазақ балалары өмірінен сыр шертетін ғажайып әдеби дүниелерді қалдырған, балалар поэзиясының атасына айналған шебер суреткер, психолог ақын деу орынды.

Алғашқы қадамын балаларға арналған жыр жинақтарынан бастаған ақын, өз дәуірінде әдебиеттің әр саласына ерекше қолтаңбасымен келген дарынды тұлға. Оның 2001 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан он екі томдық таңдамалы шығармаларының алғашқысы - «Күміс қоңырау» жинағы. Заман өзгеріп, бұрынғы құлағымызға жатталып келген ертегі, аңыз-әңгімелер ұмыт бола бастағанда, соның жоқтаушысы - Қадыр ақын. Ол өз шығармасында жылдың ең жайма шуақ мезгілі, «Көктемді», балалықтың бал сәттерін «Жаңғалақтар» арқылы, көз алдымызға ертегі кейіпкерлерін «Кішкене Қожанасырлар», «Ноян қоян» арқылы елестетіндей, «Шымыр жаңғақ», ғажайып «Алуан палуан» атты кітаптарын топтастырған. Ақынның балаларға арнаған өлеңдерінде бала қиялын, ақыл-ойын, дүниетанымын дамытып, тұлға ретінде қалыптастыру мақсаты көзделеді. Тілі қарапайым, жеңіл әрі әсерлі. Мысалы, «Көңіл» атты өлеңінде ақын кішкентай баланың ойын былайша жеткізеді:

Сүйетіндей жер үсті,
Суретші болсам ғой,
Айтарлықтай келісті,
Адам жасап алсам ғой!
Шашын, қасын күйедей
Қараменен бояр ем.
Ал ерінін шиедей
Ал қызыл қып қояр ем.
Күнге күйген білекті,
Күреңменен бояр ем!
Ал жүректі, жүректі
Аппақ қылып қояр ем!

Жай ғана бала арманын жеткізіп қана қоймай, жалпы оқушыға ой тастап, тазалыққа, пәктікке шақырады. Шынында, барлық ересек адамның көңілі бала көңіліндей ақ болса, онда адамгершілік қасиеттеріміздің жоғарылағаны. Белгілі ақын А.Бартоның: «Мойиңдауым керек, мен өзімді балаларға арнап жазамын деп еш уақытта сезінбеймін. Меніңше, балаларға арнап жазылған өлең қашан да үлкендерге арналады», - деп айтқан пікірі де ойлантай қоймайды.

Олай болса, үлкендер әдебиетіндегі мысал, мазақтама, басқа да өлең түрлерінің балалар поэзиясынан ерекшелігі неде? Үлкендер әдебиетіндегі шығармаларға сатиралық өткірлік тән болса, балаларға арналған мысал өлеңдердегі күлкі бала жанына жара түсірмейтін зілсіз юморға, көңілді суретке бағдар ұстанады. Бұл – балалар психологиясын, бала жаратылысының нәзіктігін, тазалығын ескергендіктен туған ерекшелік. Бұл ерекшеліктер Қадыр поэзиясында да маңызды орын алады. Ол «Еліктеу» өлеңінде былайша көрініс тапқан.

Сыйласаңыз адамды
Сыйлаңыздар атамды.
Тал шашы жоқ, содан ба,
Үлкен ғалым атанды.
Сұрамай-ақ жасымды,
Көрші менің басымды.
Мен де ғалым болсам деп,
Алдырып ем шашымды,- дейді.

Бала көңілі, бала қиялы, бала түсінігі. Бала ойындағы ғалым ол үшін дәл атасындай тақырбас бейнеде есте қалып, дәл солай әсер етіп отыр. Балалар көрген, естіген нәрсесін тез қабылдағыш, орындағыш, қайталағыш келеді. Өйтсе де, осы қабілеттер баланың дамуына, жетілуіне үлкен септігін тигізеді сөзсіз.

Балалар әдебиетіне ғана тән түр - ойын поэзиясы. Балалар поэзиясындағы бұл түрдің негізі халық ауыз әдебиетінде жатыр. Ойын түріндегі өлеңдер балаларды ойната жүріп тәрбиелеуге, ойландыруға, олардың бойында қандай да бір дағдылар мен әдеттерді қалыптастыруға негіз бола алады. Ойын поэзиясы ойын өлеңдер, санамақ, сұрамақ, жаңылтпаш, жұмбақтардан тұрады. Қадыр ақын жырлауында ойын поэзиясы шебер екшеленген. Оның «Алуан палуанындағы» жұмбақтар, «Сабақ» жинағындағы түрлі жаңылтпаштар, санамақтар баланың санасын, ой-танымын дамытуға, тәрбиелеуге арналған көркем туындылар.

Қадыр поэзиясы - балалардың өз ортасында ұшырасып қалатын жекелеген ұнамсыз қылықтарды, әдет-дағдыларды, мінездерді әзілдей күлкі ету арқылы ойландыратын, сол арқылы тәрбиелейтін юморлық тапқақтар мен өлеңдерге толы. Ақынның түрлі көркемдік-эстетикалық ізденістерінің жемісті нәтижесі осы еңбектері.

Қорыта айтқанда, Қадыр Мырза Әлі - қазіргі қазақ өлеңінің өн бойына жаңаша ой дарытып, балалар психологиясын көркем тілмен жүректен жүрекке жеткізген суреткер ақын. Қадыр поэзиясы мәңгілік ұлт жадында.

Гүлсезім ТАСҚАЛИЕВА,
02401-топ



Р
К
Ә
Н

Техникалық және кәсіптік білім беру - Қазақстанның индустриальды-инновациялық дамуын іске асырушы еңбек кадрларын даярлаудағы сапалы ұмтылыс.

ПАРАСАТ

№2, наурыз 2012 жыл

Әнверситет колледжінің жаршысы

Экономикалық білімді игеру - НАРЫҚҚА БЕЙІМДЕЛУ



Қазіргі XXI ғасыр талабы болашаққа құзыретті, білімді жастарды тәрбиелеу, олардың әлеуметтік-экономикалық қоғамдағы орнын нығайту болып табылады. Жыл сайынғы Елбасы Жолдауларында айтылатын басты бағыттарының бірі еліміздің экономикасын көтеру болса, осы мақсатта жастардың заман талабына сай өсіп-өркендеуін насихаттайтын кәсіби мамандарды қалыптастыру жолында М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінің экономикалық

пәндер оқытушысы Давлетова Лунара Салауатқызы ақпараттық жүйелер мамандығының 2 курс студенттерінің қатысуымен ақша, қаржы және несие пәнінен «Несие мәні және несие түрлері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың негізгі мақсаты - несие ұғымын қалыптастыра отырып, оның негізгі түрлері туралы түсінік беру, несиені есептеу, сонымен қоса, экономикалық үнемшілдікке тәрбиелеу болып табылады. Ашық сабақ барысында студенттер «Акцент» және «Береке» атты 2 топқа бөлініп, үй тапсырмасын сұрау, жаңа тақырып мазмұнын ашар, алған білімді бекіту бағытында сұрақтар қойылып, әрбір қойылған сұрақтың дұрыс жауабы арқылы топтар 50-100 доллар көлемінде қаржысын малайтып отырды.

Жаңа сабақты қорытындылау мақсатында 2 топ студенттері экономикалық диктант жазып, несие пайыздарын есептеу мақсатында өзіндік тапсырмалар орындады. Осылайша өзіне мол ақшалай қор жинаған «Береке» тобы жеңіске жетіп, өте жақсы көрсеткіш көрсетті. Нарыққа бейімделуді жаңа, қызықты әдістермен меңгертіп жатқан ұстазымызға алғыс білдіреміз.

Перизат БАЛМҰХАНОВА,
ақпараттық жүйелер мамандығының
3 курс студенті

Қыз бала -

Ұлттың ұяты, халықтың шырайы

Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігін сыртқы бет-пішіні мен киім киісіне қарап бағалаған. «Ұлттың сақтаймын десең - қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең - ұлыңды тәрбиеле» деген даналардың сөзі бар. Сол себепті, қызы тәрбиелі елдің болашағы зор болмақ.

«Қыз - халықтың гүлі» демекші, қыз бала тек сұлулығымен емес, бойына біткен мейірімділік, нәзіктік сияқты қасиеттерімен де көрікті. Қазақ халқы қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, аялап өсірген. Нарықтық заманның талабы өзгерсе де, бойындағы ұяңдық нұрын сөндірмей, қазақ қызына тән болмысын бұзбай жүргендер де жетерлік. Алайда, бес саусақтың бірдей болмайтынын-дай, «арзан» алтынға қымбат қасиеттерін алмастыруға дайын қыздарымыз да жоқ емес. Ғасырлар бойы өмір қиыншылығының не бір қилы-қилы кезеңдерінде өзінің табиғи құдіретті қасиетін сақтап, өмір үшін табанды да қажырлы күрескер бола білген қазақ халқы ел болып, халық болып қалыптасқан көне заманнан бері-ақ ананы, қыз баланы қатты қадірлеп, құрмет тұтуды берік дәстүрге айналдырған халықтардың бірі.

Осындай мақсатты көздеген мерекелік шара ағымдағы жылдың 7 наурыз күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті колледжінде өткізілді. Колледж әкімшілігі және студенттік дирекцияның ұйымдастырған «Мен қазақ қыздарына қайран қалам!» атты мерекелік шара колледж директоры Т.Н.Төлеуішовтың құттықтау сөзімен басталып, шәкірт өмірінің дұрыс бағытта дамып, көркеюіне себепші болатын ұстаздарымызды алғыс хатпен марапаттаумен жалғастырылды. Сонымен бірге, колледжіміздің қоғамдық өміріне белсене араласып, студент-жастардың арасында алдыңғы қатарда көрінгені үшін «Ең үздік топ басшы Ару» номинациясы А-201 топ басшысы Э.Дудинаға табыс етілді.

Кеш барысында мәдениет және өнер факультетінің жигіттері Б.Қанатов, Ә.Елешов және колледж түлектері, қазіргі таңда өнер жолына түскен Ә.Орашев, А.Қабиев, колледждің Н.Шамгонов, А.Кайруллин сынды жигіттері ару қыздарымызға арнап әсем өндерін жолдады. Аруларымыздың көңілін көтеру үшін колледж белсенділерімен дайындалған тамаша қойылым көрсетілді. Әдемі аяқталған кеш бұл өмірдегі әр арудың «ханшайым» деген атқа лайық екенін дәлелдегендей болды.

Үміт ЖӘҢҒІРОВА,
БҚМУ колледжінің студенттік директоры



Кемелді келешек кірпішін қалар жас көшбасшы

**Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға...**
Абай



Келешектің көкжиегіне өзіндік жаңа серпіліс берген бүгінгі күннің жастары БҚМУ колледжінде сапалы тәрбие мен сапалы білімге құныққан. Елбасы алға қойған ұлы мақсаттарға жету қазіргі өсіп келе жатырған жастардың, соның ішінде құзыретті жас мамандардың еншісінде екенін ескерсек, сол мақсатқа жетерде өзінің жаңа ойлары мен еңбегін қосар болашақ мамандардың бірі, қасиетті қара шаңырағымыздың қайсар қызы Балмұханова Перизат - БҚМУ колледжінің үздік оқушысы.

Облыстық дарынды балаларға арналған С. Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернатынан алған тәлімі мен білімі үлкен өмірге, білімге бас ұрған жас аруға мол тәжірибе мен үлкен еңбекқорлық қасиет дарыта алды. Қоғамдық өмір қызықтарына бірден араласқан Перизат өзінің ұйымдастырушылық қасиетімен, шешендік сөйлеу қабілетімен өз ортасынан оқ бойы озық шығып, оның аз ғана уақыт ішіндегі сан тарау жетістіктерге жетуіне мүмкіндік берді. 2009 жылы Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Табиғатты қорғау болашақты ойлау» облыстық конференцияға өз жобаларын ұсына отырып, «Табиғат жанашыры» номинациясымен марапатталды, 2010-2011 оқу жылы өзін-өзі басқару ұйымының 5 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жоғары оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару ұйымын құрудың тиімділігі, тәжірибесі, проблемалары мен перспективалары» атты республикалық конференциясында III орынға ие болса, ҚР Тәуелсіздігі күніне орай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ұйымдастырған «Отандық телеарналардың ұлттық рух пен сананы қалыптастырудағы рөлі» атты пікірталас сайысына қатысып, білімділік пен шешендік танытып, үздік ойын көрсеткені үшін топтық командада алғыс хатпен марапатталды және халықаралық студенттер күніне арналған облыстық студенттік пікір-сайыс турниріне қатысып, сертификатқа ие болды.

Батыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен 29 маусым мен 1 шілде аралығында өткен «Ауылым - алтын бесігім» атты Батыс Қазақстан облысы жастарының V форумына қатысып, жастар жетекшілерімен тәжірибе алмасса, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл: кеше мен бүгін» облыстық ғылыми-танымдық конференциясында «Экономика жұлдызы» номинациясының иегері атанды. Басқа да университетішілік, колледжішілік мәдени-спорттық, ғылыми жарыстарда бой көрсетіп жүрген белсенді студентіміз қазіргі таңда өндірістік машықтан өтуде. Ауылдың көркеюіне өз үлесін қосуға ниеттенген болашақ маман, өндірістік машықтан соң, алғашқы еңбек жолын да ауылдан бастамақ ойы бар.

Болашағынан үміт күттірген Перизатқа алдағы уақытта оқуын үздік аяқтап, еліміздің кемелденуінде аянбай еңбек етер көшбасшылар қатарынан табылуына шын жүректен тілектестік білдіреміз.

Шаттық ОРЫНБАЕВА

КОНТРОЛЬ НА СООТВЕТСТВИЕ КВАЛИФИКАЦИИ - оценка уровня профессиональной подготовленности

Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев неоднократно подчеркивал, что состояние технического и профессионального образования - это важный фактор поступательного развития экономики страны. Согласно новому посланию Президента РК, в 2012 году в пилотном режиме будет создано несколько независимых центров подтверждения квалификации на базе отраслевых ассоциаций.

В связи с этим во всех высших учебных заведениях идет подготовка к проведению Оценки уровня профессиональной подготовленности (далее ОУПП) студентов. В учебных заведениях технического и профессионального образования такой контроль на соответствие квалификации проводится с 2009 года и известен как Независимая оценка качества.

Вопросы тестирования ОУПП разрабатываются в Астане сотрудниками республиканского научно-методического центра развития технического и профессионального образования и присвоения квалификации. Задача центра - это создание и внедрение системы независимой оценки профессиональной подготовки, подтверждение и присвоение квалификаций специалистов технического и обслуживающего труда в соответствии с требованиями, предъявляемыми на рынке труда.

Оценка уровня профессиональной подготовки проводится в три этапа:

теоретическое тестирование, которое состоит из 100 вопросов по четырем профилирующим дисциплинам специальности, разработанной в компьютерной программе Астра;

апелляция;

практическое тестирование.

Выпускники колледжа Западнo-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова уже 4 раза проходили тестирование на присвоение квалификации ОУПП. Они достойно подтвердили свою квалификацию в 2008-2009 и 2009-2010 учебных годах с показателем 98%, а в 2010-2011 и 2011-2012 учебных годах - 100%.

Хотим отметить, что наш колледж ЗКГУ им.М.Утемисова по результатам тестирования ОУПП входит в тройку лидеров среди учебных заведений технического и профессионального образования ЗКО.

Выражаем благодарность за организацию и подготовку учащихся колледжа ЗКГУ к квалификационному тестированию ОУПП преподавателям специальных дисциплин и сотрудникам ИТ отдела. А нашим выпускникам желаю успешного трудоустройства по их специальности.

Акмарал УТЕПБЕРГЕНОВА,
руководитель ПЦК



БҚМУ - менің болашағым

Шарпыған шалқар жырыммен,
Шаңырағым сарқылмас.
Мол қазына сендегі
Кең заманда таусылмас.

Қанатын жайған ұланың
Бой көтеріп, басты тіреді.
Болашағың ендігі
Іргелі елдің тірегі.

Сана мен ойды түйеміз,
Біліміңе бас иеміз.
Сексен жылғы тарихың
Махамбет - баба киеміз.

Білімін шәкіртінен аямаған,
БҚМУ-дың ұстаздары - аяулы адам
Қанаттанып, ұшырып, самғап көкке,
Жүректерін шәкіртінің аялаған.

Маған бүгін керек емес ертегі,
БҚМУ тарихтан сыр шертеді.
Мұрасы ғой іргетасы халықтың,
Іргетассыз қаланбайды ертеңі.

Осы өңірде қаламыммен қырлаймын,
«Өтемісов» білімдімді шыңдаған
Ордасында оқуымның бүгінде
Болашағын жүрекпенен тыңдаған.

Шаттық ОРЫНБАЕВА,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінің
1 курс студенті

ҚҰАКІ СЫЙЛАҒАН БЫР СӘТ...

Қазақ халқы – жылағанды жұбатып, қиналғанға демеу болып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен халық. Ата-бабамыз жесірін қаңғыртпаған, жетімін жылатпаған.



Қазіргі заман ағымының өзгеруі ме, әлде адамдардың безбүйректіктерінің артып, өзімшілдігінің жоғары болып, адами қасиеттерден ада болып жүргендігі ме, әйтеуір қоғамда «балалар үйі», «қарттар үйі», «балалар ауылы» деген жаңа сөздер пайда болды. Сондай жазулары бар мекемелерді көргенде жүрегің бір тулап жіберері бар ма? Ондай жерлерде қуаныш пен күлкіден гөрі жәудіреген мұңға толы көздер көп болары анық.

Облысымызда 2003 жылы ашылған «Балалар ауылында» 90-ға жуық бала тәрбиеленуде. Олардың мұң-мұқтажы, арман-тілегі - бір. «Балалар ауылының» тұрғындарының бірер сағатын ерекше өткізіп, өмірге деген құштарлықтарын арттырып, сол сағаттардан өздеріне қажет өмірлік нәрсені алсын деген, ең бастысы, қуаныш сыйлау мақсатында университетімізде құрылған еріктілер ұйымының мүшелері балалар ауылына барған болатын. Альфия Сырымқожақызы жетекшілік еткен топ түстен кейін сабақтан бос оқушылардың басын қосып, әртүрлі ойындар, тренингтер өткізді. Кездесудің соңында балалар ризашылықтарын білдіріп, оқытушылары алғыстарын айтып, алдағы уақытта тағы да кездесетіндіктерін айтты.

Балаларға кішкене болса да күлкі сыйлаған еріктілерге бұл өткізілген іс-шара алдағы уақыттарда жасалатын жұмыстарға үлкен серпіліс бергені анық.

Ж.Б.ЗДАНОВА,

қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті

ҚАРИЯЛАР – біздің асыл қазынамыз

Қазақтар «Төріңнен баталы ақсақал кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата дәстүріміз. Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз. Қазақ ғұрпындағы ата-ананың орны, қадір-қасиеті бала үшін ерекше. Ананың ақ сүтін, әкенің сенімін ақтау – өз болашағыңды сақтау. Ата-анаға не істесең, алдыңа сол келеді дегендей, атам қазақ қазіргі таңда әкесі мен анасының аялаған алақанында болып өмірге бейімделіп, адам болғаннан кейін, қартайған ата-анасына қарайламай қарттар үйіне тапсырып жататын қазақтың қаракөз азаматтары мен азаматшаларының болуы жүрегіңді қан жылатады. Бірақ бұл ақиқат. Қаламыздағы қарттар үйін мекен еткен ата-әжелерімізге 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында 5 наурыз күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жылы жүректі, мейірімді отыз шақты волонтер студенттері **«Барлығы сіздер үшін арналады!»** атты мерекелік концерт өткізді. Концерт барысында университетіміздің ғылыми тарих мамандығының 1 курс студенттері Әндіжанов Әділет пен Қазбаева Ләззат мерекелік кешті жүргізсе, музыкалық білім мамандығының 1-2 курс студенттері қарттар үйіндегі әжелеріміз бен апаларымызға, қонақтарға арнап музыкалық сәлемдемелерін ұсынды. Күмбірлеген қазақтың күйі мен мың бұралған би де биленді. Қарттар үйінің тұрғындары әдемі ән-жырға көңілдері көтеріліп, студенттерімізге алғыстарын айтып, ақ батасын берді.

Альфия ЖАҚСЫҒАЛИЕВА,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ Волонтерлар ұйымының төрайымы

Оқушылар

БҚМУ мұражайында

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Махамбет - ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп кеңірек дәріптеу керек»,- деген болатын.

Сол себепті де біз М.Өтемісов атындағы білім ордасының шежіресін дәріптеу, болашақ ұрпаққа Махамбет бабамыздың өміржолымен, таныстыру мақсатымен оқу орнының «Волонтерлар» ұйымының жетекшісі Альфия Сырымқожақызының бастамасымен университет мұражайында балалар ауылының оқушыларымен кездесу өткізілді.

Білім ордамыз өр рухты батыр бабамыз Махамбет Өтемісұлы атымен аталатындықтан қонақтарымызға ақындықтың алдаспаны, күйші, жыршы әрі елі үшін жан аямаған батыр бабамыз жайлы баян етілді.

Мұражайды тамашалауға келген оқушылар оқу орнының алғаш құрылған сәтінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жетістіктерімен, ұстаздар қауымы және факультеттері, олардың баға жетпес еңбектерімен қоса, қазіргі таңда еліміздің дамуы барысында еңбек етіп жүрген университетіміздің түлектері жайлы мәліметтермен танысты.

Оқушылар барлығына зор ынтамен, қызығушылықпен таңдана қарап, білім ордасының өздеріне ұнағандығын, жақсы әсерде болғандығын айтып, келешекте осы университетте білім алғысы келетіндіктерін жеткізді.

Осындай өскелең ұрпақ – еліміздің болашағының бастауы, басты қазынасы, сондықтан да біз оларға ерқашанда дұрыс жол сілтеп, еліміздің білімді, ерен еңбекті азаматтары етіп тәрбиелеуіміз керек!

Шынар АПАЛИТОВА,

физика мамандығының 1 курс студенті

По инициативе руководителя службы международного сотрудничества и академической мобильности Майры Бариевны Барадосовой 16 марта прошла встреча докторанта университета Гуттенберга (г.Майнц, Германия), выпускника ЗКГУ им. М.Утемисова Владислава Зубкова со студентами и магистрантами нашего вуза.

Научный привет из ГЕРМАНИИ

В отличие от магистрантов, первокурсникам, вчерашним школьникам, нелегко представить себе такую перспективу, ведь лишь семестр назад совершили грандиозный прорыв в своей жизни – вступили во взрослую, студенческую жизнь, где не ставят неуды в дневник и не приглашают родителей в учительскую. Вот и Владислав Сергеевич, понимая их и помня себя на их месте, начал свой рассказ о своих студенческих годах. 11 лет назад (а для кого-то это больше половины жизни) выпускник филфака по специальности «Иностранный язык. Два иностранных языка» ЗКГУ решил продолжить обучение в магистратуре. Наука потребовала углубления знаний.

В начале 2008 года впервые был налажен контакт с университетом в Германии и подписано соглашение по обмену студентами. И молодому ученому представилась возможность стажировки в одном из крупнейших университетов Германии – университете Гуттенберга, того самого, который избрал первый печатный станок.

Целый студенческий городок со своей инфраструктурой, учебными и жилыми корпусами, лабораториями, зонами отдыха занимает территорию площадью почти 3 квадратных километра. Университет имеет свой научно-исследовательский медицинский центр, в котором могут лечиться не только студенты университета и преподаватели, но и жители Майнца.

Досуг студенты организуют сами без какого-либо контролирующего или надзорного органа. Кстати, вся документация, обучение ведется на английском языке, поэтому для студентов отделения «Иностранный язык» - все карты в руки.

О финансовой стороне учебы в Майнце можно подробно разузнать в службе международного сотрудничества и лично у Майры Бариевны.

В заключение Вячеслав Сергеевич пожелал студентам и магистрантам не останавливаться на достигнутом, тем более что родной вуз предоставляет прекрасную возможность не только обогатиться знаниями, но и узнать на практике будни зарубежной студенческой жизни.

Соб. кор.

О поездке в Калмыкию

Согласно программе «Академическая мобильность» 10 студентов 2 курса специальности педагогическая «История» в период с 17 по 26 марта. обучение в Калмыцком Государственном университете (г.Элиста, РФ). Мне было поручено возглавить группу.

Наши студенты прослушали курсы лекций на темы «Этногенез и этническая история монгольских народов», «Коммунальное движение во Франции IX-XIII в.в.», «Археология Северного Прикаспия». Лекции читались профессорами университета, д.и.н. П.М.Кольцовым, д.и.н. В.И.Колесниковым, д.и.н. О.А.Джагаевой. Параллельно для студентов 1 курса Калмыцкого Государственного университета мною был прочитан курс лекций «История развития археологии Западного Казахстана». Занятия проходили по линейной системе, при которой длительность одной пары составляет 90 минут.

Культурно-познавательную программу для наших студентов составили экскурсии в Национальный Калмыцкий музей, Сити-Чесс (шахматный городок), выезд на Хурульный комплекс «Геден Шеддуп Чойкорлинг» находящийся на Ики-Бурул, посещение центрального буддийского храма, драматического театра, кинотеатра «Родина».

В период нахождения в Калмыкии были установлены связи с казахской диаспорой, проживающей в г.Элисте. А так как наше пребывание совпало с Наурызом, наши студенты приняли участие в празднике со своей программой: были исполнены казахская песня «Атамекен» и танец «Аккулар», вызвавшие оживленный интерес среди зрителей.

Студенты были размещены в студенческом общежитии, где познакомились со студентами из Бенина, Мали, Конго, Китая, Монголии.

По окончании обучения нашими студентами были успешно сданы экзамены по предметам и в торжественной обстановке вручены сертификаты.

Ерлан КЛЫШЕВ,

преподаватель кафедры истории РК

Перемена

Конфликт отцов и детей, ярко раскрытый Тургеневым, имеет место во все времена. И сейчас, пусть и не в столь категоричной форме, дети и их родители недопонимают друг друга. Хотя есть, говорят умные люди, возможность сгладить «болезни роста» - это говорить друг с другом. Студенты факультета «История и право» были единомышленны – родители с ними ведут беседы, но в основном на бытовые темы. **Гулим Муканова** (1 курс, «юриспруденция») рассказала, что в последний раз разговор сложился спонтанно. Придя домой чуть позже обычного, застала взволнованных родителей. Тема опасности поздних прогулок плавно перешла на то, как идут дела в университете и в частности подготовка к празднованию Наурыза. **Данияр Мырзабаев** (1 курс, «юриспруденция») приехал учиться в ЗКГУ из г. Костаная, поэтому общаться с родителями приходится по телефону, и, как правило, говорят об успеваемости. **Айнура Ихсанова** (1 курс, «история»), приехавшая из Аксая, с мамой большие подруги и секретничают на каникулах на самые сокровенные «девчоничьи» темы. А во время учебы Айнура скучает по своей годовой сестренке, и все разговоры о малышке. **Абзал Мутигуллинов** (2 курс, «юриспруденция») из пос. Чапай Акжаикского района во время учебы живет у родственников, которые всегда в беседе затрагивают вопросы безопасности. **Ботагоз Баянғалиева** (2 курс, «международные отношения») сказала, что совсем недавно мама рассказывала ей о своей молодости. И Баян уверена: жизнь ее родителей была более насыщенной и веселой, что внушает уважение к родителям и тому времени.

Как показал блиц-опрос, родители если и общаются со своими взрослеющими чадами, то в основном говорят на самые тривиальные темы. Родители не всегда готовы говорить со своими взрослеющими детьми на такие насущные темы современности, как наркомания и ранний алкоголизм, религиозные секты и вопросы отношения полов. Знать правила дорожного движения, держать ноги в сухости, а голову в тепле, конечно, важно, но куда опаснее физических травм травмы психологические. Видимо, здесь важна роль хорошо подготовленного педагога, в общении с которым по долгу службы не должны быть запретные и неудобные темы.



Р
К
Є
Н

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

19



Р
К
Є
Н

№ 3 (875) наурыз 2012 жыл

20

Құттықтаймыз!!!



Құрметті Гүлжия Төкешқызы!

Сізді мерейлі 60 жасқа толу мерейтойыңызбен тарих және құқық факультетінің ұжымы шын жүректен құттықтайды.

Сіз білімнің қара шаңырағына 1977 жылдың маусым айынан бастап келіп, ұзақ жылдар бойы осы оқу орнының тарих факультетінде хатшы және аға зертханашы қызметтерін атқарып келесіз.

Қадірлі Гүлжиян Төкешқызы, бүгінгі күні Сіз өз қызметіне жетік, әріптестеріне адал, адамгершілік пен парасат иесі және ардақты ана, құрметті әже болып отырсыз.

Ұжымда адал еңбекқор, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірбанды ана, асыл жар бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын, жанарыңыздан әрдайым нұр себелеп, жаныңыз шаттыққа кенелсін демекпіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

Ізгі тілекпен,
Тарих және құқық факультетінің ұжымы



Наурыз айында дүниеге келген туған күн иелері:

3 наурыз күні – педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі м.а. **Адельбаева Нұрия Әділжанқызы;**

7 наурыз – т.ғ.д., профессор, ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс бөлімінің проректоры **Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы;**

11 наурыз – филол.ғ.к., тілдерді оқытудың практикалық курсы кафедрасының меңгерушісі м.а. **Әжғалиев Марат Қайыржанұлы;**

22 наурыз - **Ломоносов Илья Матвеевич** - біліктілікті артыру және кадрларды қайта даярлау аймақтық институтының директоры, доцент, п.ғ.к.;

22 наурыз – колледж директоры м.а. **Түлеушов Талғат Нұрманұлы;**

25 наурыз – х.ғ.к., экология және биогеохимия зерттеу зертханасының меңгерушісі **Сдигова Гүлия Жұмғатықызы;**

28 наурыз - педагогика факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары **Кажимова Қарлығаш Рахымқызы.**

Туған күн иелерін өткен қуанышты күндерімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға шалқар шабыт тілейміз.



М.Өтемісов атындағы БҚМУ мәдениет және өнер факультетінің студенттері Шымкент қаласында өткен мәдени-тынығу жұмысы мамандығы бойынша республикалық олимпиададан жүлделі 2 орынға және жаратылыстану-математикалық факультетінің студенттері Алматы қаласында химия пәнінен өткен республикалық олимпиададан жүлделі 2 орынға қол жеткізді.

Үлкен жеңіске қол жеткізген жеңімпаздарымызды шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар тілейміз.

Университет ұжымы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

30-31 мая 2012 г. Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации проводит первый Евразийский антикоррупционный форум и в его рамках VII Международную школу-практикум молодых ученых-юристов на тему «Правовые инновации в противодействии коррупции».

Место проведения мероприятий Форума и Школы - Счетная палата Российской Федерации. О программе мероприятий будет сообщено дополнительно на сайте Института www.izak.ru.

Для участия в работе Форума и Школы необходимо представить **до 20 апреля 2012 года** заявку на участие, оформленную в установленной форме, и научное со-общение. Электронная форма заявки размещена на сайте www.izak.ru.

Вы можете стать участником, если: Ваш возраст до 35 лет включительно, Вы имеете высшее юридическое образование, осуществляете трудовую и научную деятельность в сфере юриспруденции в научно-исследовательских учреждениях и высших учебных заведениях, органах государственной власти; являетесь аспирантом, соискателем ученой степени кандидата юридических наук, докторантом, имеете ученую степень кандидата, доктора юридических наук.

Контакты: Тел./Факс: (499) 724-26-60 Пуляева Елена Валерьевна, Архимандритова Марина Александровна. E-mail: school@izak.ru

Адрес Института законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ: 117218, г. Москва, ул. Большая Черемушнская, д. 34. Тел./факс: (495)719-73-02 (канцелярия)

Официальный сайт мероприятия: <http://www.izak.ru>



СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



● Университеттің спорт клуб және дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен 27-28 ақпан күндері студенттер арасында тоғызқұмалақтан БҚМУ спартакиадасы болып өткен еді. Тартымды өткен сайыс нәтижесінде I орынға жаратылыстану-математикалық факультеті, II орынға мәдениет және өнер факультеті, III орынға экономика және басқару факультеті ие болды.

М.Орынғалиев (экон. және басқару фак.), Б.Жортқанова, М.Тәжіғалиевалар (жарат.-матем. фак.) тоғызқұмалақты шебер меңгергендіктерін байқатып, үздік ойыншылар деп танылды. Үздік ойыншылар мен жеңімпаз командалар спорт клуб дипломымен марапатталды.

● 1 наурыз күні Теміртау қаласында спорттың садақ ату түрі бойынша ҚР чемпионатынан университетіміздің 3 курс студенті Жовтабрух жүлделі I орынды иеленді.

● Спорт сарайында 11-18 наурыз аралығында волейболдан қыздар арасында жолдастық кездесу болып өтті. Университет қыздар командасымен бірге Ж.Досмұхамедов атындағы педколледжі және Еуразия академиясының қыздар командасы тамаша ойын көрсетті.


● Ақпан-наурыз айлары аралығында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ спорт залында шағын футболдан Қоныс Ағелеуовті еске алуға арналған жарыс болып өтті. Барлығы 16 команда қатысқан сайыста біздің университет командасы жүлделі 4 орынға қол жеткізді. Бұл сайыс БҚМУ студенттер кәсіподағының қолдауымен болып өтті.

● 20 наурыз күні «Қош келдің, Наурыз!» атты ұлттық ойындардан мерекелік шара болып өтті. Шарада БҚМУ колледжі

студенттері белсенділік танытып, ұлттық ойындардың тамаша үлгілерін көрсетті. Шараны ұйымдастырушылар: колледж оқытушылары Г.Н.Жұмағұлов, Ж.Г. Төлеутаева. Үздік ойын көрсеткен жеңімпаздар Спорт клуб дипломымен марапатталды.

● Қазіргі таңда әр жексенбі күні Спорт сарайында студенттер арасында «Денсаулық күні» өтуде. Сағат 10.00-13.00 дейін және 13.00.-15.00-ге дейінгі уақытта жатақхана, факультет және колледжі студенттері арасында волейбол, баскетбол, шағын футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы түрлерінен оздырылатын сайысқа спортсүйер жастар белсенділік танытып, қатысып келеді. Бұл шараның өткізілуіне жауапты спорт клуб нұсқаушысы Б.Есенғалиева.

СӨЗЖҰМБАҚ



СҰРАҚТАР

1. Мақсатты, мазмұнның және еңбек шарттарының тұтастығына негізделген адамдар тобы?
2. Ұжымда жұмысты адамдар істейтін болғасын қандай қабілеттілік маңызды?
3. Туыстық қатынаспен ұштасып кеткен ұйымды қалай атайды?
4. Тек қана іскерлік мүддеде, іскерлік негізде түзілген ұйымды қалай атайды?
5. Ортақ нәрселер көп, олардың іскерлік мүдде ғана біріктірмейтін сонымен бірге өндірістік қажеттілікті біріктіретін ұйымды қалай атайды?
6. Ұжымды іштей талаптандырудың іске асуы үшін үнемі өзгеріп тұратын күрделі жиынтықты не деп атайды?
7. Сахнаға лайықталған бұқаралық шаралар, драматургиясының ең басты түрін не дейді?
8. «Драма» грек тілінен аударғанда қандай мағына?
9. Жұмыстың синонимы?
10. Грек тілінен аударғанда керсінше қайталанатын өлең деген мағына беретін әдеби шығарма жанр түрі?
11. Мәдениет ошақтарының бірі. Бос уақыт ұйымдастырушы мекеме?

Құрастырған: **Сандұғаш УБАНОВА**,
мәдениет және өнер факультеті, 11411-топ студенті

ПРИГЛАШАЕМ ВСЕХ
ЖЕЛАЮЩИХ
изучать языки в ЗКГУ
на платных курсах:

Английский
Немецкий
Французский
Арабский
Казахский
Эсперанто
Полученный
Китайский

Вечерние занятия для на-
чинающих и продолжающих.
Выдаются сертификаты ЗКГУ.

Запись в главном корпусе, каб.105.
Тел.260377, e-mail: inter_dep@mail.ru

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ
ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ
ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ.
ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ
ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ
КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
келісімімен мерзімді баспасөз басылым-
дарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін
26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г
күелігі берілген.

Индексі 090000
Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Гүлсая Каримоллақызы
ШЫНТЕМІРОВА

ТІЛШІЛЕР:

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА
Елдана АСЫЛХАНОВА
Нұркен ӘМІРАШЕВ

КОРРЕКТОР:

Светлана БЕККУЖИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ
Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет БАҚ және баспа орталығында
теріліп, беттелді. «Полиграфсервис»
ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52
Біздің сайт: www.wksu.kz
e-mail: IC_SMI@wksu.kz